

Бас редакторы:
Абай Сәдібекұлы

Корректоры:
Камила
Әбілсейітқызы

**Редакция
мекен –жайы:**
Шымкент қаласы
Төле би 21 А

Редакция телефоны
+7 777 542 6070
+7 702 341 4295

Эл.почта
ustazenbegi@mail.ru

Шығу жиілігі:
Кемінде айына
1 рет

Таралымы
500 дана

Журнал
«USTAZ ENBEGI»
редакциясында
басылды



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК «USTAZ ENBEGI» ЖУРНАЛЫ
Наурыз – Март 2025ж №03 (44-журнал)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ КОМИТЕТІНДЕ №KZ25VPY00047594 ТІРКЕЛІП, 05.04.2022Ж КУӘЛІГІ
БЕРІЛДІ.

ЗАРЕГИСТРИРОВАН В КОМИТЕТЕ ИНФОРМАЦИИ МИНИСТЕРСТВА
ИНФОРМАЦИИ И ОБЩЕСТВЕННОГО
РАЗВИТИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН ЗА №KZ25VPY00047594 ОТ 05.04.2022 Г

Қазақстан Республикасы ұстаздарының ашық сабақтар, мақалалар,
сценарийлер, баяндамалар жиынтығы
Сборник открытых уроков, статей, сценариев, докладов учителей РК

Атауы: «USTAZ ENBEGI» Республикалық ғылыми-әдістемелік журналы
Название: Республиканский научно-методический журнал «USTAZ ENBEGI»

Тілі: қазақша, орысша
Язык: казахский, русский

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Территория распространения: Республика Казахстан
Негізгі тақырыптық бағыты: Білім саласына арналған ғылыми-әдістемелік
журнал
Основное тематическое направление: Научно-методический журнал для
образовательной сферы

*Редакция авторлардың пікірімен келісе бермейді. Сөздік, басқада
мәселелер бойынша авторлар өздері жауапты.*

*Мнение авторов и редакции может не совпадать. Ответственность
за опубликованный материал несет сам автор.*

Мазмұны:
Содержание:

1. Есбосынова А. К - Әртүрлі мәдениетаралық қарым - қатынас дағдыларын жаһандық құзыреттер курсының аясында дамыту.....	3	17. Серғали Н. Ж - Оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттыру жолдары.....	37
2. Баратова Г. Ж - Білім беру ұйымдарында Ұлттық өнер мен заманауи сәннің синтезі.....	5	18. Кусаинова К. Б, Бельгибаева М. Б - Зерттеу және жобалау қызметі арқылы дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру.....	39
3. Искакова А. Т - Ат Туризмi: Дәстүр мен Қазіргі заманның тоғысуы.....	7	19. Сембаева Г. С - Работа с текстом как средство развития функциональной грамотности на уроках русского языка и литературы.....	43
4. Кусаинова Е. М - АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану - білім сапасын арттырудың маңызды факторы.....	9	20. Ертелеева З. Ю - Работа с текстом как основной способ развития функциональной грамотности.....	45
5. Кужамуратова Г. Т - Драматизация мен рөлдік ойындар: эмоционалды және тілдік қабілеттерді қалыптастыру.....	11	21. Нұрғабыл Қ. С - Мұғалім – әлемдегі ең үздік мамандық.....	47
6. Бугыбаева Б. М - «Тәрбиеші - ұлы тәрбиенің тірегі»	14	22. Бекарыстанова Ұ. Қ - “Бала бойына ұлттық құндылықты сіңіру.....	49
7. Қуандықов Н. Ж - Спорттық туризмде қарама - қарсы аспалы өткелді құру.....	15	23. Абдиева Ж. А - “Инновациялық технологияларды қолданудың ерекшелігі”	51
8. Джунисова Б. А - Белсенді оқыту әдістері: Өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары.....	17	24. Керімбаев Н. К - Қазақтың ұлттық ойындары.....	53
9. Ибраева Ж. М - Ауылшаруашылығында экономиканы дамыту.....	19	25. Санғалиева Б. А - Қарапайым және тиімді тәсілдер арқылы математиканы меңгеру.....	55
10. Абилдаева С. Б - Баланы шығармашылыққа баулу: мектепке дейінгі тәрбие ерекшеліктері.....	23	26. Аятбекова А. А- Сурет салу, ертегі құрастыру, музыка арқылы баланың қиялын дамыту.....	57
11. Дауеев У. Қ - Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту.....	25	27. Молдаханова Г. К - Балабақшадағы тәрбиеші мен бала байланысы: Түсіністік пен қолдау маңыздылығы.....	59
12. Гасанова А. К - «Мен мейірімді адаммын!»	27	28. Қыстаубаев Е. У - Ағаш өңдеу және қолөнер: Ер балаларға арналған шығармашылық дағдылар.....	61
13. Устемиров Б. Ж - Ұлттық білім беру моделі менің көзқарасыммен.....	29	29. Андирғалиева Ж. А- Ағылшын тілін үйренудегі мотивация: Оқушылардың қызығушылығын арттыру жолдары.....	63
14. Байтелиева А. Б - Создание новых методов криптографии и исследования работы квантовых компьютеров: взгляд в будущее защиты информации.....	31	30. Сакенова З. К - Бастауыш сынып оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту.....	65
15. Алшынбаева А. Б - Цифрлық технологиялар және орыс тілін оқыту.....	33	31. Косаева Л. Т - Дебат технологиясын қолданудың тиімді әдістері.....	67
16. Устанбекова Н. С - Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бойынша педагог-психологтың рөлі.....	35	32. Жаксыбаева А. С - Бастауыш сыныпта орыс тілі мен әдебиеті пәнін қызықты өткізу әдістері.....	70
		33. Хидирова Ш. Х- Искусственный интеллект на уроках русского языка.....	71

**"Ақмола облысы білім басқармасының
Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі
Арайлы ауылының жалпы орта білім беретін мектебі" КММ
Есбосынова Айнаш Куанышовна**

**Әртүрлі мәдениетаралық қарым - қатынас дағдыларын жаһандық құзыреттер
курсының аясында дамыту**

Аннотация

Мақаламда «Жаһандық құзыреттер» курсының мәні, мен мақсат, міндеттері және курстың оқушыларды жан-жақты дамытуда қажеттілігі қарастырылады. Әр жас кезіндегі оқушылардың дамуына сәйкес тапсырмалардың тиімділігі талданады, жаһандық құзыреттердің қалыптасуы үшін маңызды дағдылар – көп мәдениетті түсіну, ізгі ниет және көркем мінез, жеке қасиеттерді бойға сіңіру, жауапкершілікті сезіну, креативтілік, цифрлық сауаттылық сияқты аспектілерді көрсетіледі. Сабақта қолданылған тапсырмалардың, әдістердің 5-11 сынып оқушыларының ой-санасын дамытуға жалпы білім беру процесінде тиімділігі қарастырылды. Сонымен бірге, осы құзыреттерді қалыптастырудың болашақта әлемдік деңгейде бәсекеге қабілетті және жауапты азаматтар дайындауда маңызы рөл атқаратынына назар аударады. Мақалада оқушылардың жаһандық мәселелерді зерделей келе, қоғамда өз үлестерін қосуға мүмкіндік беретін білім беру стратегиялары мен әдістемелерін талдайды.

Кілт сөздер: жаһандық құзыреттер, мектеп, білім беру, жас ерекшеліктері, сыни ойлау, коммуникативтілік дағдылар, креативтілік.

"Білім — күш, ал күшті біліммен пайдалану —
ұлы жауапкершілік."

Бенжамин Франклин

Қазіргі заманда білім беру жүйесінің басты мақсаты — болашақ ұрпақты тек теориялық біліммен ғана емес, сондай-ақ, олардың әлемдік деңгейде өзара әрекет ету қабілетін арттыру, мәдениетаралық байланыстарды түсіну және жаһандық мәселелерді шешуге белсене қатысуға даярлау. Бұл тұрғыда «Жаһандық құзыреттер» курсы маңызды рөл атқарады. Дүниежүзілік деңгейде өзгерістер жылдам орын алып жатқанда, кез келген адам үшін тек қана өз саласында жетістікке жету жеткіліксіз. Ол үшін жаһандық мәселелерге жауапкершілікпен қарау, мәдени айырмашылықтарды түсіну, жаңа технологиялармен жұмыс істеу қабілетін меңгеру қажет.

«Жаһандық құзыреттер» курсының негізгі мақсаты- оқушыларға әлемдік деңгейде өзара әрекеттесу, мәдениетаралық коммуникация, әлеуметтік жауапкершілік, сыни ойлау, креативтілік, және цифрлық сауаттылық сияқты дағдыларды қалыптастыру. Бұл курс оқушыларды қазіргі заманның күрделі және көпмәдениетті әлемінде белсенді, жауапты және тиімді әрекет етуге даярлауды мақсат етеді. Сонымен қатар, оқу барысында оқушыларға жаһандық мәселелерді түсіну, экологиялық, экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуге қатысу қабілеттерін дамыту көзделеді.

Жалпы 5-8 сыныптарда бес юнит берілген. Аптасына 0,5 сағат. 9-11 сыныпта аптасына 1 сағаттан оқытылады.

«Этика және әдеп» бөлімі

«Азаматтық және патриотизм» бөлімі

«Медиа сауаттылық және қаржылық сауаттылық» бөлімі

«Өмір сүру қауіпсіздігі» бөлімі

«Экологиялық мәдениет» бөлімі

9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері» бөлімі оқытылады. 10 және 11-сыныпта Бірінші бөлімде оқушылар «жаһандық құзыреттер» ұғымымен танысып, жаһандық құзыреттерді дамыту жолдарын қарастырады. Бұл бөлім жобалық жұмыстың тақырыбы мен мақсаттарын анықтау мен жұмыс тобын таңдауды қамтиды. Оқушылар қажетті ақпарат көздерін, ақпаратты талдау, жинау және нәтижелерді баяндау тәсілдерін анықтайды. Олар жоба нәтижелерін бағалау процедуралары мен бағалау критерийлерін белгілеп, жұмыс тобының мүшелері арасында міндеттерді бөледі. Екінші бөлімде жаһандық проблемалардың негізгі түрлері: әлеуметтік және экологиялық мәселелер қарастырылады. Осы мәселелерден басқа бірқатар экономикалық, саяси, азық-түлік, демографиялық, сондай-ақ басқа да мәселелер бар. Жобалық жұмыс кезінде оқушыларға зерттеу жүргізу үшін

тақырыпты еркін таңдау мүмкіндігі беріледі. Оқушылар зерттеу тақырыбын анықтағаннан кейін халықаралық және жергілікті дереккөздерге шолу жасайды. Үшінші бөлім аясында оқушылар әртүрлі мәдениеттер өкілдерінің дүниетанымын түсінуді, толеранттылықты, басқа адамдардың көзқарастарын құрметтеп, қабылдауды үйренеді. Оқушылар жобаның зерттеу міндеттерін жинап, нақтылауға және кезең-кезеңімен орындауға кіріседі. Төртінші бөлім оқушылардың мәдени сәйкестігі мен мәдениеттердің алуан түрлілігін түсінуін қалыптастыруға, әртүрлі мәдениеттердің құндылықтар жүйесімен танысуға бағытталған. Оқушылар ақпаратты талдау, қорытындыларды жасау және жобаны рәсімдеу жұмыстарын жүргізеді. Бесінші бөлім ұжымдық әл-ауқат пен тұрақты дамудың маңыздылығына арналған. Оқушылар шыққан нәтижелерді түсіндіріп, жобаның орындалу барысы туралы есеп дайындайды және қол жеткізілген нәтижелерге талдау жүргізеді. Олар жобалық жұмысты мұғалімге жазбаша түрде тапсырып, басқа оқушылармен өз жұмысының нәтижелерімен ауызша бөліседі.

Мен сабақта әрбір жас кезеңінде оқушылардың ойлау қабілеті, сезімдеріне деген көзқарасы және әлеуметтік мінез-құлықтарына сәйкес тапсырмалар құрастырып өткіземін. Оқу мақсаты мен сабақтың мақсатын орындау үшін және жалпы сабақа бағаланып, жиынтық бағалау қойылмағандықтан, оқушылардың курстың мазмұнына деген қызығушылықтары төмендеуі үшін, әр сабақта түрлі әдіс-тәсілдерді тиімді қоланамын.

5-7 сыныпта берілген тапсырмалар балаларды өздігінен ойлануға, сұрақтарға жауап беруге және өз пікірлерін білдіруге ынталандыруы қажет. Мысалы, топтық жұмыстар, пікірталастар, креативті тапсырмалар оқушылардың жауапкершілік, сыни ойлау, және тілдік дағдыларын дамытады.

8-9 сыныпта оқушылардың әлемдік мәселелерге көзқарасы кеңейе бастайды. Олар әлеуметтік және экологиялық мәселелерді қарастырып, өз пікірлерін қалыптастыруды үйренеді. Осы жастағы тапсырмалар аналитикалық ойлауды, мәселені шешу дағдыларын дамытуды талап етеді. Жоба жұмыстарын орындау, зерттеу жүргізу, ағымдағы оқиғалар мен жаңалықтар туралы талқылау сияқты тапсырмалар өте пайдалы болады.

10-11 сыныпта оқушылар өздерінің кәсіби жолын таңдауға дайындалады, сондықтан тапсырмалар да болашақ мамандыққа сәйкес болуын қадағалаймын. Оқушылардың сыни ойлауын, креативтілігін және шешім қабылдау дағдыларын дамытуға арналған жобалар, пікірсайыстар және жеке зерттеу жұмыстары ұйымдастырылады.

Қорыта келе, жаһандық құзыреттер тек қазіргі кезде ғана емес, болашақта да өте маңызды болмақ. Дүниежүзілік экономика мен технологиялар жылдам дамып жатқан кезде, жаһандық құзыреттерге ие тұлғалар түрлі салаларда табысты болады. Әлемде болған үлкен өзгерістер мен дағдарыстар болашақ ұрпақты жауапкершілікке, тиімді шешімдер қабылдауға және мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға шақырады.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Елшибаева К.З., Қасымбек А.А., Кажиева Г.Т., Сулейменова Ф.Н., Ізімова П.Т., Әуесбай Қ.Ә. (2024) Жаһандық құзыреттер оқулықтары 5-9 сыныпқа арналған.
2. Мұхамедова, А. (2020). Жаһандық құзыреттер: Білім беру жүйесінің жаңа бағыттары. Қазақстан Республикасының Білім беру мәселелері журналы, 4(12), 45-52.
3. Нұрланова, С. (2019). Жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу: Тәжірибе мен теория. Қазіргі заманғы білім беру теориясы, 6(3), 22-30.
4. Баймұратова, Г. (2021). Оқушылардың жаһандық құзыреттерін қалыптастыру: Педагогикалық тәсілдер мен әдістер. Педагогикалық зерттеулер журнал, 8(5), 67-75.

Білім беру ұйымдарында Ұлттық өнер мен заманауи сәннің синтезі

Аннотация: Бұл мақалада ұлттық өнер мен заманауи сәннің үйлесімділігі кеңінен қарастырылады. Қазақтың дәстүрлі қолөнерін қазіргі сән әлемінде қолдану жолдары зерттеліп, ұлттық нақыштағы киім үлгілері мен сәндік бұйымдардың маңыздылығы талданады. Көркем еңбек пәнінің оқушыларға ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын арттырудағы рөлі сипатталады. Сонымен қатар, сән индустриясында технологиялық жетістіктерді қолдану, шығармашылық және кәсіпкерлік қабілеттерді дамыту әдістері талқыланады. Ұлттық өнерді сақтай отырып, оны заманауи сәнмен үйлестірудің маңызы көрсетіліп, білім беру саласында осы бағытты дамыту жолдары ұсынылады. Ұлттық өнер мен заманауи сәннің үйлесімділігі талқыланады. Қазақтың дәстүрлі қолөнерін заманауи сән индустриясында қолдану әдістері қарастырылады. Оқушыларға көркем еңбек пәні арқылы ұлттық нақыштағы киім үлгілері мен сәндік бұйымдарды жасауды үйретудің маңызы ашып көрсетіледі. Сондай-ақ, технологиялық жаңалықтарды ұлттық өнермен үйлестіру, шығармашылық және кәсіпкерлік дағдыларды дамыту жолдары сипатталады.

Түйін сөздер: ұлттық өнер, заманауи сән, сәндік-қолданбалы өнер, технология, кәсіпкерлік, көркем еңбек, шығармашылық.\

Қазіргі таңда білім беру ұйымдарында ұлттық өнер мен заманауи сәннің үйлесімділігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Көркем еңбек пәні арқылы оқушыларға дәстүрлі қолөнерді үйрету, оның мәні мен маңызын түсіндіру – ұлттық мәдениеттің дамуына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Бүгінгі таңда сән индустриясы тек сыртқы келбетке емес, мәдени құндылықтарға да негізделіп келеді. Ұлттық нақыштағы киім үлгілері, зергерлік бұйымдар мен аксессуарлар – өткен мен бүгіннің үндестігі ретінде жоғары бағалануда. Сондықтан білім беру мекемелерінде оқушыларға ұлттық өнердің маңызын түсіндіру, оны заманауи сәнде қолданудың жолдарын үйрету маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Ұлттық өнер – халқымыздың ғасырлар бойғы мәдениеті мен тарихын айшықтайтын мұра. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнері өте бай әрі алуан түрлі. Киіз басу, кестелеу, зергерлік бұйымдар жасау, ою-өрнек өнері сияқты дәстүрлі әдістер заманауи сән әлемінде ерекше орын алады. Бүгінгі таңда дизайнерлер мен қолөнер шеберлері осы көне әдістерді жаңғыртып, оларды заманауи трендтермен үйлестіруде. Білім беру жүйесінде бұл үрдісті қолдану жас ұрпақтың өз мәдениетіне деген қызығушылығын арттырып, ұлттық сананы нығайтуға ықпал етеді.

Көркем еңбек сабақтарында оқушыларға дәстүрлі қазақ киім үлгілерін таныстырып, олардың ерекшеліктерін көрсету – ұлттық өнерді насихаттаудың тиімді жолдарының бірі. Қазақтың шапаны, камзолы, сәукелесі, оюланған белбеулері мен әшекейлері тек тарихи маңызы бар дүниелер ғана емес, қазіргі сән әлемінде кеңінен қолданылып жүрген элементтер. Оқушыларға бұл бұйымдардың жасалу жолдарын үйрету, олардың қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Мысалы, ұлттық нақыштағы кесте үлгілерін заманауи көйлектер мен жейделерге енгізу арқылы сәндік элементтерді жаңаша түрде көрсетуге болады. Сән әлемінде дәстүр мен жаңашылдықтың үйлесуі – шығармашылық пен инновацияның көрінісі. Бүгінде көптеген дизайнерлер қазақтың ұлттық киімдерін жаңаша стильде жасап, жаһандық нарыққа шығарып келеді. Бұл үрдіс сән индустриясында ұлттық нақыштың өзектілігін көрсетеді. Мектеп қабырғасында да бұл бағытты дамыту үшін оқушыларға дәстүрлі қолөнер техникасын үйрету маңызды. Ою-өрнек түрлерін киім дизайнында қолдану, түрлі маталармен жұмыс істеу, заманауи пішіндерді ұлттық сәндік элементтермен үйлестіру – болашақ дизайнерлерді

қалыптастырудың негізі бола алады.

Қазіргі сәндегі эклектикалық стиль дәстүрлі өнер мен заманауи элементтердің тоғысуын білдіреді. Қазақтың ұлттық ою-өрнектері, киізден жасалған бұйымдар, күміспен безендірілген әшекейлер заманауи трендтермен үйлескенде ерекше көркемдік сипат алады. Мысалы, заманауи сәнгерлер этно-стильдегі көйлектерді, ұлттық нақыштағы аксессуарларды күнделікті киім үлгісіне енгізуде. Мұның өзі ұлттық мәдениеттің заманауи кеңістікте орын алып, жаңа өмір сүру формасын табуына ықпал етеді. Көркем еңбек пәні оқушыларды шығармашылық тұрғыдан дамытумен қатар, олардың эстетикалық талғамын қалыптастырады. Сабақ барысында ұлттық нақыштағы сән үлгілерін жасауға үйрету – оқушылардың тек сәнгерлік дағдыларын жетілдіру ғана емес, сонымен қатар олардың мәдениетке, тарихқа деген құрметін арттыруға бағытталған. Заманауи сәннің талаптарына сай оқушыларға киім дизайнында ұлттық элементтерді қолдану әдістерін үйрету – білім беру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі. Қазіргі технологияның дамуы сән саласына да ықпал етуде. Бүгінде киім үлгілерін жасау барысында сандық технологиялар, лазерлік кесу, 3D-принтинг сияқты жаңа әдістер қолданылады. Бұл мүмкіндіктерді ұлттық өнермен байланыстыру арқылы жаңаша жобалар жасауға болады. Оқушыларға сәндік-қолданбалы өнерді үйрету барысында жаңа технологияларды енгізу олардың қызығушылығын арттырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Мысалы, қазақтың дәстүрлі ою-өрнектерін графикалық бағдарламаларда жасап, оларды маталарға басып шығару немесе сәндік аксессуарларды 3D-принтерде жасау секілді әдістерді енгізу арқылы білім беру процесін заманауи талаптарға сәйкестендіруге болады.

Ұлттық өнер мен заманауи сәннің синтезі тек шығармашылық саланы ғана емес, кәсіпкерлік бағытты да дамытуға мүмкіндік береді. Бүгінде сән индустриясында ұлттық нақыштағы өнімдерге сұраныс жоғары. Оқушыларды бұл бағытта дамытудың тағы бір жолы – оларды кәсіпкерлікке баулу. Көркем еңбек сабағында ұлттық стильдегі өнімдерді жасауға үйрету арқылы олардың болашақта өз кәсібін бастауына негіз қалау мүмкіндігі бар. Қолөнер бұйымдарын жасау, киім үлгілерін дайындау, заманауи нарыққа сай ұлттық аксессуарларды әзірлеу – болашақта жастардың шығармашылық қабілетін кәсіби деңгейде дамытуына көмектеседі. Сонымен қатар, ұлттық өнерді дәріптеудің тағы бір жолы – оны сахналық және театрлық киімдерде пайдалану. Қазіргі таңда ұлттық мәдениетті көрсететін театр қойылымдары мен кинолар көптеп түсірілуде. Осындай жобаларға оқушылардың қатысуы олардың қызығушылығын арттырып қана қоймай, кәсіби тұрғыда дамуына жол ашады. Киім дизайнын жасаудағы дәстүр мен заманауи үрдістердің үйлесуі сән әлеміндегі жаңа бағыттарды қалыптастыруға ықпал етеді.

Демек ұлттық өнер мен заманауи сәннің синтезі – ұрпақ сабақтастығын жалғастырудың, мәдени құндылықтарды сақтаудың және дамытудың тиімді жолы. Білім беру ұйымдарында көркем еңбек сабақтары арқылы оқушылардың шығармашылық әлеуетін арттыруға, ұлттық мәдениетке деген қызығушылығын оятуға мүмкіндік бар. Дәстүрлі қолөнер мен сәннің қазіргі заманғы үрдістерін үйлестіру арқылы жас ұрпаққа ұлттық құндылықтарды насихаттау, оларды жаңа заман талаптарына сай дамыту – болашақтың жарқын кепілі. Сонымен қатар, сән әлеміндегі жаңа технологияларды пайдалану арқылы ұлттық өнердің жаңаша қырларын ашып, оның дамуына ықпал етуге болады. Бұл үрдіс оқушыларды тек шығармашылыққа ғана емес, ұлттық мұраға деген құрметке тәрбиелеуге де ықпал етеді. Осылайша, көркем еңбек пәні арқылы ұлттық мәдениеттің жаңғыруына, оның заманауи сәнмен үйлесуіне жағдай жасалады.

Ат Туризмi: Дәстүр мен Қазiргi заманның тоғысуы

Ат туризмi – бұл адамзаттың тарихы мен мәдениетiнiң ажырамас бөлiгi болып табылатын, табиғат аясында атпен саяхаттау түрi. Осы бiр көне дәстүр қазiргi таңда қайта жаңғырып, көптеген туристердi өзiне тартуда. Атпен саяхаттау – тек қана денсаулықты нығайту мен табиғатқа жақындау ғана емес, сонымен қатар халықтың мәдениетi мен дәстүрлерiн танып-бiлу мүмкiндiгi.

Ат туризмiнiң маңызы

Ат туризмiнiң тарихы мыңдаған жылдардан берi бар. Ежелгi заманнан берi адамзат аттарды жүруге, соғыстарға қатысуға, тауларды бағындыруға және табиғатпен үйлесiмдi өмiр сүруге пайдаланған. Бүгiнде ат туризмi – бiр жағынан экологиялық туризмнiң бiр түрi, екiншi жағынан саяхатшыларға тарихты, мәдениеттi, ауыл өмiрiн танып-бiлу мүмкiндiгiн бередi. Әсiресе, табиғаты керемет жерлерде, таулы аймақтарда, ормандар мен жазықтарда атпен жүру ерекше әсер қалдырады.

Ат туризмi және экологиялық жауапкершiлiк

Ат туризмi экологиялық тұрғыдан да маңызды. Адамдар үлкен техникалар мен көлiктердi пайдаланғанда қоршаған ортаға айтарлықтай зиян келтiретiн болса, аттар табиғатқа жұмсақ әсер етедi. Олар табиғи ортаның бiр бөлiгi болып табылады, өйткенi олар жүру жолдарына немесе табиғи ландшафттарға зақым келтiрмейдi. Осылайша, ат туризмi экологиялық жауапкершiлiктi арттырып, табиғатпен үйлесiмдi өмiр сүруге ықпал етедi.

Қазақстандағы ат туризмi

Қазақстан ат туризмiне ең қолайлы орындардың бiрi болып табылады. Ұлы Дала елi өзiнiң табиғи байлығымен, кең жазықтарымен және таулы аймақтарымен танымал. Жоңғар Алатауы, Қатонқарағай, Тянь-Шань таулары мен Балқаш көлi маңындағы аймақтар атпен жүрiп саяхат жасау үшiн таптырмас орындар болып табылады. Мұнда туристер жай ғана сұлулықты тамашалап қана қоймай, қазақ халқының дәстүрлерi мен мәдениетiн де танып-бiледi.

Ат туризмi түрлерi

1. Тау мен орман арқылы серуендеу

Таулы аймақтарда атпен серуендеу – бұл экстремалды туризмнiң бiр түрi. Бұл саяхаттарда туристер табиғаттың әсемдiгiн тамашалап, сол аймақтың флорасы мен фаунасын зерттейдi. Таулы жерлерде атпен жүру, әсiресе биiк жерлерге шығып, табиғатты жоғарыдан көру, ерекше эмоциялар мен әсерлер сыйлайды.

2. Ұлттық дәстүрлер мен фольклорға саяхат. Ат туризмi, көбiнесе, қазақ халқының дәстүрлерi мен мәдениетiн танып-бiлу үшiн қолданылады. Атпен қазақтың көне ауылдарына, байырғы егiншiлiктiк жерлерiне саяхат жасау арқылы туристер қазақ халқының тарихымен, тұрмысымен таныса алады. Мұндай туризм, көбiнесе, дәстүрлi ат жарыстары, көшпендiлердiң өмiрiн бейнелейтiн шаралармен ұштастырылады.

3. Салт аттылар жарыстары мен фестивальдер

Қазақтың салт аттылар ойындары мен жарыстары, атап айтқанда, бәйге, көкпар сияқты спорттық шаралар, ат туризмiнiң бөлiгi ретiнде ұйымдастырылады. Бұл шаралар кезiнде

туристер қазақтың ұлттық ойындарын тамашалап, атқа міну дағдыларын үйренеді.

Ат туризмі мен ауыл шаруашылығының байланысы

Ат туризмі ауыл шаруашылығымен тығыз байланысты. Аттар ауылда егіншіліктің және мал шаруашылығының маңызды бөлігі болып табылады. Туристерге ауылдық өмірді көрсету барысында олар тек қана атпен саяхаттап қоймай, сонымен бірге шаруашылық жұмыстарының бір бөлігіне қатысуға мүмкіндік алады. Мысалы, малды бағу, егін егу жұмыстарына қатысу сияқты іс-шаралар ауылдық өмірді тікелей сезінуіне мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ат туризмі – бұл тек қана қызықты саяхат емес, сонымен қатар ұлттық мәдениетті, экологиялық жауапкершілікті насихаттайтын, тарихқа терең бойлататын маңызды құндылық. Қазақстанның кең дала мен таулы аймақтары осы туризм түріне өте қолайлы, және бұл сала ел экономикасына қосымша пайда әкеліп, ауыл тұрғындарының өмірін жақсартуға ықпал етеді. Әсіресе қазіргі таңда, экологиялық туризмнің маңызы артып келе жатқанын ескерсек, ат туризмі осы бағытта тиімді әрі құнды салалардың бірі болмақ.



**Астана қаласы әкімдігінің
"№109 орта мектеп" КММ
Қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі
Кусаинова Еркежан Маратбековна**

АКТ-ны қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында қолдану - білім сапасын арттырудың маңызды факторы

Қазіргі әлемде деректер мен ғылыми білім шешуші рөл атқаратын ақпараттық қоғамға қарай сөзсіз қозғалыс бар. ХХІ ғасырда қоғамның дамуын қалыптастыратын жетекші факторлардың бірі ақпараттық және коммуникативтік технологиялардың қарқынды дамуы болып табылады. Осыған байланысты қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану өмірлік қажеттілікке айналууда. Ақпараттық технологиялар практикалық дағдыларды жетілдіруге, өз бетінше тиімді жұмыс істеуге және білім беру процесін жекелендіруге кең мүмкіндіктер береді. Олар сондай-ақ пәндерге қызығушылықтың артуына ықпал етеді және оқушылардың оқу іс-әрекетіндегі белсенділігін ынталандырады. Осы таңда біздің міндетіміз-балаларға білім беру ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өздерін білімді іздеуге және өз бетінше игеруге үйрету. Бүгінгі таңда ақпаратты өңдеу мүмкіндігі өте құнды байлық болып табылады.

АКТ қазақ тілі мұғаліміне осы мақсатқа жетуге қалай көмектесе алады? АКТ дегеніміз не? Біріншіден, бұл әртүрлі көздерден, соның ішінде ғаламтордан ақпаратты іздеуге, өңдеуге және игеруге мүмкіндік беретін технологиялар. Екіншіден, бұл компьютердің өзін, әртүрлі бағдарламаларды пайдалану. Қазіргі ақпараттық технологиялар (АКТ) әлемінде электрондық құралдарды пайдалану өнеркәсіп пен бизнес салаларын дамытуда ғана емес, білім беруде де шешуші факторға айналды. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде сабақтарда АКТ қолдану білім беру сапасын арттыруда және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану оқу процесін байыту үшін кең мүмкіндіктер береді. Негізгі артықшылықтардың бірі-сандық кітапханалар, әдеби шығармалардың электронды нұсқалары, тілдік қосымшалар және интерактивті білім беру платформалары сияқты әртүрлі онлайн ресурстарға қол жеткізу. Бұл білім алушылар мен оқытушыларға мәтіндерді зерттеуге және талдауға, мәдени контекст туралы ақпарат алуға, білім мен тәжірибе алмасуға көбірек мүмкіндік береді. Ақпараттық технологиялар әр оқушының қажеттіліктері мен ерекшеліктерін ескере отырып, оқу процесін дараландыруды қамтамасыз етеді. Арнайы бағдарламалық жасақтаманы, онлайн ресурстарды және интерактивті тапсырмаларды пайдалану арқылы мұғалім оқушылардың әртүрлі білім деңгейлері мен қызығушылықтарын ескере отырып, оқу материалдары мен тәсілдерін бейімдей алады. Сабақты мұндай жекелендіру қазақ тілі мен әдебиетін оқуға деген қызығушылықты арттыруға ықпал етеді, сондай-ақ оқушылардың танымдық белсенділігін жандандырады. Ақпараттық технологияларды қолдану оқушылардың шығармашылық әлеуетін дамытуға да ықпал етеді. Сандық құралдар мен мультимедиялық ресурстардың көмегімен білім алушылар презентациялар, бейнелер, аудиожазбалар және т.б. қоса, өз жобаларын жасай алады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытып қана қоймай, оқу процесіне қатысуды күшейтеді. Қазіргі ақпараттық технологиялар (АКТ) әлемінде электрондық құралдарды пайдалану өнеркәсіп пен бизнес салаларын дамытуда ғана емес, білім беруде де шешуші факторға айналды. Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту контекстінде сабақтарда АКТ қолдану білім беру сапасын арттыруда және білім алушылардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану оқу процесін байыту үшін кең мүмкіндіктер береді. Негізгі артықшылықтардың бірі-сандық кітапханалар, әдеби шығармалардың электронды нұсқалары, тілдік қосымшалар және интерактивті білім беру платформалары сияқты әртүрлі онлайн ресурстарға қол жеткізу. Бұл студенттер мен оқытушыларға мәтіндерді зерттеуге және талдауға, мәдени контекст туралы ақпарат алуға, білім мен тәжірибе алмасуға көбірек мүмкіндік береді.

АКТ сонымен қатар оқытуды дараландыруға ықпал етеді. Ғаламтордағы ресурстар мен бағдарламалық қамтамасыз етудің көмегімен оқытушылар әр оқушының қажеттіліктері мен дайындық

деңгейлерін ескере отырып, Жеке оқу материалдарын жасай алады. Бұл білімді тиімді игеруге ықпал ететін икемді және бейімделгіш білім беру ортасын құруға мүмкіндік береді. Сабақтарда АКТ қолдану арқылы оқушылар қарым-қатынас пен ынтымақтастық дағдыларын дамытуға көбірек мүмкіндіктер алады. Виртуалды талқылаулар, онлайн-форумдар және бірлескен жобалар оларға қазақ тілі мен әдебиетін оқуға сыни ойлау мен шығармашылық көзқарасты дамытуға ықпал ететін қарым-қатынас жасауға, идеялармен алмасуға және бірлескен ортада жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында АКТ қолдану оқу процесін мультимедиялық құралдармен байытады.

Бейнелерді, аудиожазбаларды, интерактивті презентацияларды және графикалық материалдарды пайдалану мүмкіндігі сабақтарды қызықты әрі ақпаратты қабылдаудың әртүрлі типтері үшін қол жетімді етеді. АКТ оқушы үшін әртүрлі функцияларды орындайды: оқытушы, жұмыс құралы, оқу объектісі, ынтымақтастық ұжымы, ойын ортасы. Мұғалімнің қызметінде компьютер оқу ақпаратының көзі болып табылады (мұғалім мен кітапты ішінара немесе толығымен алмастырады); көрнекі құрал (мультимедиялық және телекоммуникациялық мүмкіндіктері бар сапалы жаңа деңгей); жеке ақпараттық кеңістік; жаттығу аппараттары; диагностика және бақылау құралдары. Алайда, көптеген артықшылықтарға қарамастан, АКТ-ны білімге енгізу мұғалімдердің сауатты көзқарасы мен кәсіби дайындығын талап етеді. Мұғалімдердің техникалық дағдылары ғана емес, сонымен қатар дәстүрлі оқыту әдістерін толықтыру және байыту үшін АКТ-ны оқу процесіне қалай тиімді біріктіру керектігін түсінуі маңызды. Қазақ тілін оқытуда ақпараттық технологияларды қолдану жаңа материалды визуализациялау және интерактивті түрде ұсыну үшін кең мүмкіндіктер ашады. Заманауи компьютерлер мәтіндерді, графиканы, дыбысты, анимацияны, бейнеклиптерді және жоғары сапалы фотосуреттерді бір бағдарламада біріктіруге мүмкіндік береді, бұл ақпараттың көрнекі және тартымды көрінісін қамтамасыз етеді. Жаңа материалды ұсыну кезінде білімді визуализациялау үшін ақпараттық технологиялардың әртүрлі құралдарын қолдануға болады. Электрондық сөздіктер, энциклопедиялар және анықтамалықтар сияқты демонстрациялық энциклопедиялық бағдарламалар білім алушыларға әртүрлі тілдік және әдеби ресурстарға жылдам және оңай қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олар ақпаратты интерактивті және көрнекі түрде ұсынады, бұл тақырыпты тереңірек зерттеуге мүмкіндік береді. Тапсырмалардың әртүрлілігі сабақты есте қаларлық, қызықты, динамикалық етуге деген ұмтылыспен түсіндіріледі. Көбінесе сабақтың тақырыбы, тілдік материал, мазмұнға, сондай-ақ қойылған міндеттер мен мақсаттарға барынша жауап беретін форманы іздеуді қажет етеді. Көптеген тапсырмалар суреттермен суреттелген, олардың қосылуы осы жас санатындағы балалардың психологиялық ерекшеліктерімен, сондай-ақ көптеген тапсырмалардың ойын-сауық формасымен негізделген. Көбінесе сурет оқушының алдына қойылған тапсырманы шешуге көмектеседі.

Мұндай жұмыс түрлері оқушылардың ережелерді үйренуге деген ынтасын арттырады, зейінін, жылдамдығын, командада жұмыс істеу қабілетін дамытады. Оқушының нақты қабілеттерін жеке оқытуға ықпал етеді: зейін, есте сақтау, ойлау. Интерактивті оқыту – оқушылардың бірлескен іс-әрекеті формасында жүзеге асырылатын таным тәсілі. Оқушылардың бойында берік білім, білік, дағдыларды қалыптастыру – сабақтағы басты міндеттердің бірі. Оны шешуге оқушыларды оқытудың инновациялық және дәстүрлі әдістерін біріктіруге мүмкіндік беретін интерактивті тақтаның мүмкіндіктері ықпал етеді. Интерактивті тақта – өзінің жаңашылдығымен оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттырып, оятатын қуатты құрал. Мысалы, енді оқушылармен сабақта ғана емес, сонымен қатар үй тапсырмасын дайындау кезінде де жеке жұмыс жасауға болады. Сол себепті заманауи мектеп тақтасы интерактивті болуы керек – мектептегі білім беру үдерісін ұйымдастыру мен ақпараттық қамтуға үнемі өсіп келе жатқан талаптарға тап болған әрбір адам осындай қорытындыға келеді.

Практикада интерактивті тақталар дәстүрлі тақтаға немесе проекторларға қарағанда әлдеқайда тиімді. Материалдың интерактивті режимде берілуіне байланысты оқушылармен коммуникативті қарым-қатынас айтарлықтай жақсарады, бұл оларға ақпаратты тезірек және тиімдірек жеткізуге мүмкіндік береді. Сәйкесінше білім сапасы да артады. Осылайша, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану білім беру сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады. Бұл оқыту мүмкіндіктерін кеңейтуге ықпал етеді, оқушылардың белсенді қатысуын ынталандырады, олардың дағдылары мен құзыреттерін дамытады, нәтижесінде олардың қазақ тілі мен әдебиетін табысты меңгеруіне ықпал етеді.



**«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі білім басқармасының
Шыңғырлау ауданы білім беру бөлімінің
«Болашақ» бөбекжайы» мемлекеттік
коммуналдық қазыналық кәсіпорны
Педагог - модератор
Кужамуратова Гулим Тулегеновна**

Драматизация мен рөлдік ойындар: эмоционалды және тілдік қабілеттерді қалыптастыру

Қазіргі заманғы мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың жан-жақты дамуына, олардың эмоционалды және тілдік қабілеттерін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тұлғалық дамуының ең тиімді құралдарының бірі – драматизация мен рөлдік ойындар болып табылады. Бұл ойын түрлері балалардың қиялын дамытуға, эмоционалды әлемін байытуға, тілдік дағдыларын жетілдіруге және әлеуметтік дағдыларды меңгеруге зор мүмкіндік береді.

Драматизация мен рөлдік ойындардың мектепке дейінгі білім беру жүйесіндегі орны мен маңызын зерттеген ғалымдар қатарында А.В. Запорожец, Д.Б. Эльконин, Л.С. Выготский, Е.А. Аркин, Н.С. Карпинская сияқты көрнекті педагогтар мен психологтардың еңбектерін атап өту керек. Қазақстандық ғалымдардан Ж.Т. Қайырбекова, Б.М. Сүлейменова, А.Р. Боранбаева [1] сынды зерттеушілердің еңбектерінде драматизация мен рөлдік ойындардың балалардың тілдік және эмоционалды дамуындағы рөлі терең қарастырылған.

Драматизация мен рөлдік ойындардың теориялық негіздері Л.С. Выготскийдің символдық ойын теориясына, Д.Б. Эльконинның рөлдік ойындар теориясына және Ж. Пиаженің когнитивті даму теориясына негізделеді. Бұл теориялар драматизация мен рөлдік ойындардың балалардың танымдық, әлеуметтік, эмоционалды және тілдік дамуындағы маңызды рөлін көрсетеді. Драматизация – бұл әдеби шығармалардың сюжеттерін сахналық көрініс түрінде ойнау арқылы жүзеге асырылатын іс-әрекет түрі, ал рөлдік ойындар – бұл балалардың түрлі әлеуметтік рөлдерді қабылдап, оларды ойын барысында шығармашылықпен жүзеге асыратын іс-әрекеті [2].

Мақсатымыз – драматизация мен рөлдік ойындардың мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалды және тілдік қабілеттерін дамытудағы маңызын ашу, олардың әдістемелік негіздерін зерттеу және тәжірибелік ұсыныстар беру.

Мектепке дейінгі жастағы балалардың эмоционалды дамуы – бұл өмірлік маңызды процесс, өйткені бала өзінің және басқалардың эмоцияларын түсіну және басқару қабілетін қалыптастырады. Б.М. Сүлейменова атап өткендей, «эмоционалды интеллект – бұл адамның өз сезімдерін түсіну, басқалардың эмоцияларын сезіну және өз эмоцияларын тиімді пайдалану қабілеті» [3]. Драматизация мен рөлдік ойындар арқылы балалар түрлі эмоцияларды сезінуге, оларды түсінуге және көрсетуге үйренеді.

Рөлдік ойындар барысында балалар түрлі кейіпкерлердің рөлдерін қабылдап, олардың эмоционалды күйлерін, мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін көрсетуге тырысады. Бұл процесс балалардың эмпатия қабілетін дамытады, яғни басқалардың сезімдерін түсіну және оларға ортақтасу қабілетін қалыптастырады. Мысалы, «Аурухана» рөлдік ойынында балалар дәрігер мен науқастың рөлін ойнай отырып, мейірімділік, қамқорлық, жанашырлық сияқты сезімдерді меңгереді.

Драматизация балалардың эмоционалды сөздігін байытуға мүмкіндік береді. Ертегілер мен әдеби шығармаларды сахналау барысында балалар түрлі эмоцияларды білдіретін сөздермен танысады: қуану, қайғыру, таңдану, қорқу, ашулану және т.б. Бұл сөздік қорды байыту балаларға өз сезімдерін дәлірек сипаттауға көмектеседі, яғни эмоционалды сауаттылықты дамытады.

Драматизация мен рөлдік ойындар тілдік дағдыларды дамытудың тиімді құралы болып табылады. А.Р. Боранбаеваның зерттеулеріне сәйкес, балалардың тілі сөйлеу барысында дамиды, әсіресе мағыналы және мақсатты коммуникация жағдайында [4]. Драматизация мен рөлдік ойындар осындай жағдайларды қамтамасыз етеді.

Рөлдік ойындар барысында балалар тілді практикалық тұрғыдан қолдануға мүмкіндік алады. Өртүрлі рөлдерді ойнау арқылы, балалар сұхбат жүргізу дағдыларын, сөйлеу мәдениетін, тыңдау қабілетін дамытады. Мысалы, «Дүкен» ойынында «сатушы» мен «сатып алушы» рөлдерін ойнау арқылы балалар сұрақ қою, жауап беру, сыпайы сөздерді қолдану (өтінемін, рахмет) сияқты коммуникативтік дағдыларды игереді.

Драматизация тілдің экспрессивті функциясын дамытуға ықпал етеді. Ертегілер мен әңгімелерді сахналау барысында балалар кейіпкерлердің сөздерін есте сақтап, оларды мәнерлеп, интонациямен айтуға үйренеді. Бұл процесс сөздік қорды байытумен қатар, дикцияны, интонацияны, сөйлеу қарқынын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Драматизация мен рөлдік ойындарды балабақша жағдайында ұйымдастыру жүйелі әдістемелік тәсілдерді қажет етеді. Төменде осы іс-әрекеттерді тиімді ұйымдастырудың негізгі принциптері мен әдістері ұсынылады.

Драматизация үшін материалды таңдау мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктеріне және қызығушылықтарына сәйкес болуы керек. Кіші және орта топтарда қарапайым, қысқа, анық сюжетті ертегілерді («Шалқан», «Үш аю», «Бауырсақ») таңдаған жөн. Ересек және мектепке дайындық топтарында күрделірек сюжеттері бар ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді, сондай-ақ қазақ халық ертегілерін («Алдар Көсе», «Тазша бала», «Ер Төстік») пайдалануға болады.

Драматизацияны ұйымдастырудың бірнеше кезеңі бар. Бірінші кезеңде балалармен әдеби шығарманы оқу және талқылау жүргізіледі. Тәрбиеші балаларға шығарманың мазмұнын түсінуге көмектеседі, кейіпкерлердің мінездемесін талқылайды, оларға тән интонацияларды және қимыл-қозғалыстарды көрсетеді. Екінші кезеңде рөлдерді бөлу және репетиция жүргізіледі. Үшінші кезеңде драматизацияны ойнау ұйымдастырылады, оны басқа топтардың балалары үшін немесе ата-аналар үшін көрсетуге болады.

Рөлдік ойындарды ұйымдастыру тәрбиешіден балалардың бастамасын қолдауды және шығармашылық еркіндігін қамтамасыз етуді талап етеді. Тәрбиеші белгілі бір тақырыпты ұсынуы мүмкін («Отбасы», «Дүкен», «Аурухана», «Мейрамхана», «Салон», «Мектеп»), бірақ балаларға сюжетті дамытуда, диалогтарды құруда және рөлдерді бөлуде еркіндік берілуі керек.

Балабақшада рөлдік ойындар мен драматизацияны ұйымдастыру үшін қолайлы жағдай жасау маңызды. Ойын аймағын арнайы атрибуттармен (костюмдер, маскалар, декорациялар, ойыншықтар) жабдықтау қажет. Бұл заттарды балалармен бірге дайындауға болады, бұл олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Драматизация мен рөлдік ойындарды балабақшаның күн тәртібінің әртүрлі сәттерінде өткізуге болады: ұйымдастырылған оқу қызметі барысында, таңертеңгі және кешкі ойын сағаттарында, серуен кезінде, мерекелік іс-шараларда. Тәрбиеші бұл іс-әрекеттерді балалардың ынтасына, қызығушылығына және күн тәртібіне сәйкес икемді жоспарлай алады.

Драматизация мен рөлдік ойындардың эмоционалды дамуға әсерін біздің балабақшада жүргізілген тәжірибелік зерттеу дәлелдейді. Зерттеу барысында балаларды екі топқа бөлді: эксперименттік топта драматизация мен рөлдік ойындар жүйелі түрде қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі әдістер пайдаланылды. Үш ай өткеннен кейін эксперименттік топтың балаларында эмоцияларды тану, түсіну және көрсету қабілеттері айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Сондай-ақ, экспериментке қатысқан балалардың сөздік қоры байып, диалог құру дағдылары жетілді.

Драматизация мен рөлдік ойындардың тілдік дамуға әсері Қарағанды облысының мектепке дейінгі мекемелерінде жүргізілген зерттеулерде де расталды [6]. Зерттеу нәтижелері бойынша, драматизация мен рөлдік ойындарды жүйелі түрде қолданған топтарда сөздік қордың өсуі, сөйлеу мәнерлілігінің артуы және диалогтық сөйлеу дағдыларының дамуы байқалды.

Балабақша жағдайында драматизация мен рөлдік ойындарды ұйымдастыру бойынша мына тәжірибелік ұсыныстарды беруге болады:

1. Театр бұрышын ұйымдастыру. Балабақша тобында театрландырылған іс-әрекет үшін арнайы аймақ құру. Бұл аймақта түрлі театр түрлері (қуыршақ, саусақ, көлеңке, үстел үсті) үшін атрибуттар, костюмдер, декорациялар, кітаптар орналастырылуы керек.
2. Түрлі театр түрлерін қолдану. Балаларды қуыршақ, саусақ, көлеңке, үстел үсті, еден театрларымен таныстырып, олардың әрқайсысымен жұмыс жасау. Әр театр түрі балалардың тілдік және эмоционалды дамуының әртүрлі аспектілерін дамытуға мүмкіндік береді.
3. Әдеби шығармаларды драматизациялау. Ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді, халық ауыз әдебиеті

үлгілерін сахналау арқылы балалардың тілін, қиялын және эмоционалды интеллектін дамыту.

4. Ата-аналармен ынтымақтастық. Ата-аналарды драматизация мен рөлдік ойындарды ұйымдастыруға тарту: костюмдер мен декорациялар дайындау, отбасылық театр қойылымдарын ұйымдастыру, ата-аналар жиналыстарында драматизация мен рөлдік ойындардың маңызы туралы ақпарат беру.

5. Топаралық театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру. Балабақшада түрлі жас топтары арасында театрландырылған қойылымдармен алмасу, бұл балалардың коммуникативтік дағдыларын дамытуға және әлеуметтенуіне ықпал етеді.

6. Театрлар мен мұражайларға экскурсиялар ұйымдастыру. Балаларды балалар театрларындағы қойылымдарға апару, оларда алған әсерлерді талқылау, өз қойылымдарын жасауға шабыттандыру. Драматизация мен рөлдік ойындарды ұйымдастыру кезінде жас ерекшеліктерін ескеру өте маңызды. Кіші жастағы топтарда (2-3 жас) қарапайым әрекеттерді қолданған жөн: қарапайым рөлдік ойындар («Отбасы», «Дүкен»), саусақ театры, қуыршақ театры. Орта топтарда (4-5 жас) сюжеттік-рөлдік ойындар, қарапайым ертегілерді драматизациялау, түрлі театр түрлерін пайдалану. Ересек және мектепке дайындық топтарында (5-7 жас) балалар күрделі сюжеттік ойындарға, шығармашылық драматизацияға, өз сценарийлерін құруға дайын болады.

Драматизация мен рөлдік ойындардың тиімділігін бағалау үшін балалардың эмоционалды және тілдік дағдыларының даму динамикасын бақылау маңызды. Балалардың ойын барысындағы мінез-құлқын, сөйлеу белсенділігін, эмоцияларды көрсету және түсіну қабілетін, коммуникативтік дағдыларын бақылау арқылы тәрбиеші әр баланың жеке даму үрдісін бағалай алады.

Драматизация мен рөлдік ойындар мектепке дейінгі білім беру жүйесінде балалардың эмоционалды және тілдік қабілеттерін дамытудың тиімді құралы болып табылады. Бұл ойын түрлері балалардың жан-жақты дамуына, әлеуметтенуіне, шығармашылық қабілеттерінің өсуіне, сондай-ақ мектепке дайындық деңгейінің артуына ықпал етеді.

Драматизация мен рөлдік ойындарды жүйелі және мақсатты түрде ұйымдастыру арқылы тәрбиешілер балалардың эмоционалды интеллектін, коммуникативтік дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін және әлеуметтік құзыреттіліктерін дамыта алады. Бұл тәсілдер балаларға айналадағы әлемді белсенді тануға, өз эмоцияларын түсінуге және басқаруға, басқалармен тиімді қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, драматизация мен рөлдік ойындар мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде қолданылатын маңызды педагогикалық құралдар болып табылады, олар балалардың эмоционалды және тілдік қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ жалпы жан-жақты дамуына ықпал етеді. Бұл ойын түрлерін мақсатты және жүйелі түрде пайдалану балабақша тәрбиешілерінің маңызды міндеті болып табылады.

Әдебиет:

1. Қайырбекова Ж.Т., Сүлейменова Б.М., Боранбаева А.Р. Мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде балаларды дамытудың инновациялық технологиялары. – Алматы: «Білім», 2021. – 185 б.
2. Эльконин Д.Б. Психология игры. – М.: Педагогика, 1999. – 360 с.
3. Сүлейменова Б.М. Мектеп жасына дейінгі балалардың эмоционалды интеллектін дамыту жолдары // Білім берудегі инновациялар. – 2022. – №2. – Б. 45-52.
4. Боранбаева А.Р. Мектепке дейінгі жастағы балалардың тілін дамытудың заманауи әдістері // Мектепке дейінгі білім беру. – 2021. – №3. – Б. 28-35.



**Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Сағабүйен ауылы
Т. Тоқтаров атындағы орта мектебі
"Балбөбек" шағын орталығының тәрбиешісі
Бугыбаева Бағдат Мухаметбаевна**

«Тәрбиеші - ұлы тәрбиенің тірегі»

Тәрбиеші-ол жүрегі жақсылық пен жаңалыққа толы ұлы тұлға. Сол бойындағы барлық білім мен білікті, тәрбиені баланың жүрегіне жеткізу үлкен қасиет. «Ел есінде бір жыл қалғың келсе — ас бер, он жыл қалғың келсе — ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе — бала тәрбиеле» дейді дана халқымыз. Баланың ой — өрісін дамытуға, олардың қиялына қанат бітіріп, тіл байлықтарының молаюына біздің тәрбиешілердің сіңіретін еңбегі орасан. Балабақша тәрбиесінен өтпеген бала-суарылмай тұрған гүл сияқты, барлық әсем түсінен айырылып қалады.

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың » деп бекер айтылмаған. Отбасының да, балабақшаның да, мектептің де мақсат-мүддесі біреу ол – заман талабына сай ұрпақ тәрбиелеу. Бала тәрбиесімен айналысатын әрбір тәрбиеші алға қойған мақсаты-міндеті мен педагогикалық ұстанымы болуы керек. Менің өмірдегі ұстанымым- жүрек қалауы мен таңдаған жұмысыма жауапкершілікпен қарау. Тәрбиеші болу жай ғана мамандық емес. Ол адам бағдарын жасаушы, келешек ұрпақтың сәулетшісі. Бүлдіршінді күлімдеп қарсы алып, бар өнерінді үйретіп бақытты етсең өз ұлтыңды, адамзат баласын бақытты ету жолында тер төккенің.

ТӘРБИЕШІ! Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Халқымызда «Жас келсе — іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі талантты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау мен үшін үлкен бір құрмет.



Алматы қаласы

“Оқушылар сарайы” туристік-өлкетану бөлімі

“Тау туризм” үйірмесінің жетекшісі

Қуандықов Нұрбақыт Жеткергенұлы

Спорттық туризмде қарама - қарсы аспалы өткелді құру

Кіріспе

Спорттық туризм, адамдардың физикалық белсенділігін арттыру және табиғатқа жақындасу арқылы демалуын қамтамасыз ететін қызмет түрі ретінде соңғы жылдары танымалдылығын арттырды. Бұл бағытта туристерге жаңа әсерлер мен ерекше тәжірибелер ұсыну мақсатында түрлі туризм объектілері мен құрылғылар жасалуда. Спорттық туризмнің ерекше түрі болып саналатын адреналинді жорықтар мен шытырман оқиғаларды іздейтіндер үшін ерекше тартымды болып табылатын құрылымдардың бірі – аспалы өткелдер. Осы аспалы өткелдердің бірі, оның қарама-қарсы құрылымы спорттық туризмді одан әрі дамытуға мүмкіндік береді.

Қарама-қарсы аспалы өткелдің мәні мен маңызы

Қарама-қарсы аспалы өткел – екі нүктені бір-біріне қосатын және белгілі бір биіктікте орналасқан өткел. Бұл өткелдердің басты ерекшелігі – олар бір-біріне қарама-қарсы орналасады, яғни бір өткелден өтіп, келесі өткелге жету үшін туристердің арасындағы қашықтықты және қауіп-қатерді арттырады. Мұндай өткелдер көбінесе таулы аймақтарда, ормандарда немесе басқа да табиғи ландшафттарда орнатылады.

Спорттық туризм үшін қарама-қарсы аспалы өткелдер бірнеше маңызды мүмкіндіктер ұсынады:

1. Адреналин мен эмоцияны арттыру: Қарама-қарсы аспалы өткелдер туристерге табиғат аясында үлкен физикалық және психологиялық сынақтардан өтуге мүмкіндік береді. Бұл оларды қорқыныш пен сенімділік арасындағы тепе-теңдікті табуға мәжбүр етеді, осылайша ерекше тәжірибе береді.
2. Қауіпсіздік шаралары: Қарама-қарсы аспалы өткелдер арнайы қорғаныс құрылғыларымен, тростық жүйелермен және қауіпсіздік белдіктерімен жабдықталады, сондықтан оларды қауіпсіз пайдалану мүмкіндігі бар. Туристер қауіпсіздікті сезініп, өздерін сенімді әрі ыңғайлы сезінетін жағдайда түрлі деңгейдегі қиындықтарды еңсереді.
3. Туризм саласының дамуына ықпал: Мұндай құрылымдар туризмнің жаңа бағыттарын дамытуға мүмкіндік береді. Қарама-қарсы аспалы өткелдер өте ерекше және тартымды объект болып табылады, бұл өз кезегінде туристердің аймаққа келуіне ықпал етеді.
4. Физикалық дайындықты арттыру: Мұндай өткелдер спорттық туризмнің белсенді түрлеріне жатады. Қарама-қарсы өткелдерді өтуде физикалық шыдамдылық, тепе-теңдік, қолға күш салу және психологиялық дайындық қажет болады. Бұл элементтер туристердің физикалық қабілеттерін арттырып, денсаулықтарына пайдалы әсер етеді.

Қарама-қарсы аспалы өткелдердің құрылысы мен жобалануы

Қарама-қарсы аспалы өткелді құру үшін бірнеше маңызды техникалық және қауіпсіздік талаптарын ескеру қажет:

1. Орналасу орны: Құрылыс үшін таулы немесе жартасқа жақын жерлер жақсы таңдалады, себебі аспалы өткелдің табиғатпен үйлесімде болуы маңызды. Бұл туристерге ерекше көрініс

пен табиғатпен тікелей байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

2. Материалдар мен құрылым: Құрылымдардың беріктігі мен қауіпсіздігі үшін жоғары сапалы материалдар қолданылады. Әдетте, арнайы металл арқандар, трос, болат құрылымдар, ағаш тақтайлар немесе басқа да төзімді және жеңіл материалдар пайдаланылады.

3. Қауіпсіздік жүйелері: Әрбір турист үшін қауіпсіздік белдіктері, қорғаныс торлары және басқа да сақтық шаралары орнатылуы тиіс. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін арнайы оқытылған нұсқаушылар болуы керек, олар туристерге өткелден қалай дұрыс өту керектігін түсіндіреді.

4. Эстетикалық дизайн: Құрылымның дизайны табиғатпен үйлесімді болуы керек. Қарама-қарсы аспалы өткелдер өз алдына сәндік элемент ретінде де қызмет етуі мүмкін, бұл туристердің қызығушылығын арттырады.

Қорытынды

Қарама-қарсы аспалы өткелдер спорттық туризмді дамытудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Олар туристерге табиғатпен байланыс орнатып, физикалық және психологиялық тұрғыдан жаңа деңгейде сынақтан өтуге мүмкіндік береді. Мұндай өткелдер тек қана адреналин іздегендер үшін емес, табиғат аясында жаңа тәжірибе алғысы келетіндер үшін де тартымды болмақ. Сонымен қатар, олар аймақтық туризмнің дамуына ықпал етіп, экономикалық өсімге де септігін тигізеді.

Тақырыбы: Белсенді оқыту әдістері: Өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру жолдары**Аңдатпа:**

Бұл мақала өсімдік қорғау және карантин мамандығы бойынша студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында қолданылатын белсенді оқыту әдістерін талқылайды. Қазіргі заманғы білім беру процесінде оқу сапасын жақсарту үшін белсенді әдістерді тиімді пайдалану аса маңызды. Мақалада теория мен практиканы үйлестіре отырып, студенттердің дағдыларын дамытуға бағытталған түрлі стратегиялар қарастырылған. Сондай-ақ, осы әдістердің студенттердің кәсіби даярлығын арттыруға, болашақта маман ретінде табысты жұмыс істеуге қалай ықпал ететіні зерттеледі.

Аннотация:

В статье рассматриваются активные методы обучения, направленные на повышение функциональной грамотности студентов по специальности «Защита растений и карантин». В современных образовательных процессах важным аспектом является эффективное использование активных методов для повышения качества образования. В статье представлены различные стратегии, направленные на развитие навыков студентов через сочетание теории и практики. Также исследуется, как данные методы способствуют улучшению профессиональной подготовки студентов и их успешной карьерной деятельности в будущем.

Annotation:

This article discusses active learning methods aimed at enhancing the functional literacy of students specializing in "Plant Protection and Quarantine." In contemporary education, the effective use of active learning methods is crucial for improving educational quality. The article presents various strategies designed to develop students' skills by combining theory and practice. It also explores how these methods contribute to the improvement of students' professional training and their successful future careers in the field.

Белсенді оқыту – студенттердің оқу процесіне белсенді қатысуын қамтамасыз ететін әдістердің жиынтығы. Бұл әдістер білім алушылардың өз бетінше жұмыс істеу, сыни ойлау дағдыларын дамыту, сондай-ақ ақпаратты талдап, жүйелеу қабілеттерін арттыруға бағытталған. Белсенді оқыту әдістерінің бірнеше түрлерін студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыру мақсатында сабақта жиі қолдануға болады. Оларға топтық жұмыс, рөлдік ойындар, симуляциялар, дебаттар, кейс-стадилер және класстерлер жатады.

1. Топтық жұмыс .Топтық жұмыс студенттерге бірлесіп, нақты проблемаларды шешуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер зиянкестермен күрес стратегияларын талқылап, әр түрлі әдістердің тиімділігі туралы пікір алмасады, қортындылайды, шешім қабылдай алады. Топ ішінде пікір алмасу функционалдық сауаттылықты дамытуға зор ықпал етеді
2. Рөлдік ойындар .Рөлдік ойындар өсімдік қорғау саласындағы нақты жағдайларды модельдеуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер энтомолог немесе фитопатолог рөлінде бола отырып, өсімдіктерді қорғау мәселелерін талқылап, шешімдер ұсына алады. Бұл әдіс студенттердің практикалық дағдыларын арттыруға көмектеседі, білім деңгейлерін арттыра түседі.
3. Симуляциялар. Симуляция әдісі студенттерге нақты жағдайларды тәжірибе жүзінде зерттеуге мүмкіндік береді. Мысалы, студенттер өсімдіктердің ауруларын диагностикалау немесе зиянкестермен күрес әдістерін дұрыс таңдау қолдану барысында функционалдық сауаттылықтарын дамыта алады. Симуляциялық оқыту студенттерге теориялық білімдерін практика жүзінде қолданудың тиімді жолдарын ұсынады.
4. Дебаттар Дебаттар функционалдық сауаттылықты дамыту үшін тиімді әдіс болып табылады. Студенттер өсімдік қорғау мен карантин мәселелері туралы дебатқа қатысып, пікірталас жүргізу

барысында ақпаратты талдап, аргументтерді құрастыруға дағдыланады. Дебаттар студенттердің сыни ойлауын және коммуникация дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

5. Кейс-стадилер. Кейс-стадилер нақты жағдайларға негізделген мәселелерді талдауға және шешуге бағытталған. Студенттерге берілген кейстерді зерттеу барысында олар нақты мысалдар негізінде функционалдық сауаттылықтарын арттырады. Мысалы, белгілі бір аурудың немесе таралуы мен оған қарсы шараларды талқылау студенттердің практикалық білімін тереңдетеді.

6. Пәнаралық интеграция. Өсімдік қорғау және карантин мамандығы пәнінің аясында пәнаралық интеграцияны қолдану студенттердің функционалдық сауаттылығын арттыруға мүмкіндік береді. Мысалы, өсімдік қорғауды интеграциялау, өсімдік шаруашылығы, экология және агрохимия пәндерін біріктіру арқылы студенттерге кешенді білім беріледі, бұл олардың сыни ойлау және мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

7. Кластер. Идеялар мен ақпараттардың арасындағы байланыстарды айқындауға арналған жазба кестелер. Негізгі тақырып ортасында жазылады, одан туындаған тақырыпшалар оның жан-жағына жазылып, шеңберленеді, студенттер оларды бір-біріне қосады да, өзара байланыстыру туралы әңгімелейді, осы әдіс негізінде зиянкестерді толық, күресу шараларына дейін талдап шығуға болады.

Осы аталған белсенді оқыту әдістерін қолдана отырып студенттердің сабаққа деген деген қызығушылығы артады, топ студенттері арасында ұжымдық жақсы қарым-қатынас қалыптасады, сыйластық болады, саналы тәртіп орнайды, өз бетінше ізденіспен ойлау нәтижесіне жетуге дағдыланады. Студенттердің пәнге деген ынтасының артуы, олардың сабақтағы белсенділігінің артуы негізінде білім сапасының жоғарлауына ықпал етеді. Студенттердің білімге қызығушылығын, ынтасы арттырудың ең тиімді жолының бірі – сабақта ойын элементтерін көптеп қолдану. Жоғарыда аталғандар негізінен ойын элементтері. Осы элементтерді сабақта барысында қолданғанда кез келген үлгерімі орташа студентте тырысып, талпынып тобына аздаған болса да іздене еңбек ете отырып үлес қосып, бойында білім алуға деген қызығушылық пайда болады, бір жағынан өзіне деген сенімділік қалыптасады.

Кәзіргі кезде қоғам ілгерлеген сайын оқыту мазмұны да күнделікті жаңарып, жетіліп отырады. Студенттердің функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның ең негізгі талабы. Сондықтан бүгінгі студент ертеңгі ауылшаруашылық саласының маманы. Арнайын пән оқытушылары осы жолда шеберліктерімен шығармашылық, жауапкершіліктерін ұштастыра отырып сабақ өтуі, бұл заман талабынан туындап отырған мәселе. Жоғары деңгейде сабақ беретін оқытушының алдынан өткен, дәріс толық алған студент келешекте өз жолын адаспай табатын, мықты маман иесі болары сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі:

1. Тұрғынбаев Ә. Ж., Тұрғынбаева Г. Ж. - Педагогика: Қазіргі заман талаптары мен инновациялар. Алматы, 2020.
2. Қойшыбаев М. С. - Қазіргі білім беру технологиялары. Алматы, 2021.
3. Жүсіпов М. Ж., Ғаниқұлова Б. М. - Ауыл шаруашылығында зиянкестермен күрес әдістері. Алматы, 2019.
4. Айтбаева Д. А. - Оқытуда функционалдық сауаттылықты қалыптастыру әдістері. Алматы, 2022.

Ауылшаруашылығында экономиканы дамыту.

Аннотация

Ауылшаруашылығындағы экономиканы зерттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы саласының тиімділігін арттыру, ресурстарды үнемді пайдалану және ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін, өңдеуді және тарату жүйесін дамыту арқылы жалпы экономикалық өсуді қамтамасыз ету.

Аннотация

Основная цель исследования экономики в сельском хозяйстве - обеспечение общего экономического роста через повышение эффективности сельскохозяйственной отрасли, рациональное использование ресурсов и развитие системы производства, переработки и распределения сельскохозяйственной продукции.

Annotation

The main goal of economic research in agriculture is to ensure general economic growth through increasing the efficiency of the agricultural industry, rational use of resources and the development of a system for the production, processing and distribution of agricultural products.

Кілттік сөздер: Механизация, автоматизация, GPS, датчиктер мен автоматтандыру, дренаж, брендинг және маркетинг, **цифрлық трансформация.**

Кіріспе

Ауылшаруашылығындағы экономика — ауылшаруашылығының өндірістік қызметін, оның тиімділігін, ауылдық аймақтардағы экономикалық процестерді зерттейтін экономикалық ғылым саласы. Бұл сала ауылшаруашылық өндірісінің барлық аспектілерін қамтиды: жер, су, жұмыс күшінің ресурстары, технологиялар, қаржы және басқару, сондай-ақ ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру, өңдеу, тарату және тұтыну процестерін зерттейді.

Ауылшаруашылық экономикасының басты мақсаты — ауылшаруашылығы саласын тиімді дамыту, ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісін ұлғайту, ауылдың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту және қоршаған ортаға зиян келтірмей экономикалық өсімді қамтамасыз ету.

Осылайша, ауылшаруашылық экономика — ауылшаруашылығы өндірісін зерттеу мен оның экономикаға қосар үлесін бағалауға бағытталған маңызды ғылым саласы.

Ауылшаруашылық экономиканың негізгі аспектілері:

1. **Өндіріс процесі:** Ауылшаруашылығында өндірілетін өнімдер (астық, мал шаруашылығы өнімдері, көкөніс, жеміс-жидек, т.б.) мен олардың өндірісін ұйымдастырудың экономикалық шарттары.
2. **Ресурстарды басқару:** Жер, су, тыңайтқыштар, ауылшаруашылығы техникасы, жұмыс күшін тиімді пайдалану арқылы өнімділікті арттыру.
3. **Қаржы және инвестициялау:** Ауылшаруашылығына қаржыландыру және инвестициялар тарту, сондай-ақ ауылшаруашылық кәсіпорындарының қаржылық жағдайы мен рентабельділігін талдау.
4. **Нарық және бағалар:** Ауылшаруашылық өнімдерінің нарықтағы сұранысы мен ұсынысын зерттеу, өнімдерге бағаның өзгеруін және оларды сатуды талдау.
5. **Экономикалық тұрақтылық:** Ауылшаруашылығы саласының дамуы, оның экономикалық дағдарыстарға, климаттық өзгерістерге және басқа да факторларға бейімделуі.
6. **Қоршаған орта және тұрақты даму:** Экологиялық таза технологиялар мен экологиялық тиімді әдістерді қолдану, ауылшаруашылығының экологиялық әсерін бағалау.
7. **Ауыл шаруашылығындағы еңбек және әлеуметтік мәселелер:** Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайы, жұмыс орындарын құру және ауылдық аймақтардың экономикалық даму деңгейі.

Ауылшаруашылығындағы жаңартылған технологиялардың экономикалық әсері

Ауылшаруашылықтағы цифрлық трансформация:

Экономикалық әсері мен болашағы

Ауылшаруашылығындағы тұрақты даму және экономикалық тиімділік.

Нәтижелер мен талқылаулар

Өндіріс процесі. Ауылшаруашылығында өндірілетін өнімдер мен олардың өндірісін ұйымдастырудың тиімді жолдары:

1. Ауылшаруашылығы өнімдерінің түрлері

- Астық өнімдері: Бидай, арпа, жүгері, күріш.
- Мал шаруашылығы өнімдері: Сүт, ет, жұмыртқа, жүн.
- Көкөніс: Картоп, сәбіз, қырыққабат, бұрыш.
- Жеміс-жидек: Алма, өрік, шабдалы, жүзім.

2. Өндіріс ұйымдастырудың тиімді жолдары

- Заманауи технологияларды енгізу:
- Механизация мен автоматизация: Заманауи техниканы пайдалану өнімділікті арттырады.
- Ақпараттық технологиялар: GPS, датчиктер мен автоматтандыру жүйелері арқылы өндірісті бақылау.

Агроөнеркәсіптік интеграция:

- Өндіріс, өңдеу және нарықтық өткізу кезеңдерін біріктіру.
- Тікелей сату: Фермерлердің өнімдерін тұтынушыларға тікелей жеткізуін қамтамасыз ету.

Климаттық жағдайларды ескеру:

- Географиялық ерекшеліктер мен климаттық жағдайларды зерттеу, сәйкес дақылдарды таңдау.
- Су ресурстарын тиімді пайдалану: Дренаж және суару жүйелерін жақсарту.

Білікті кадрларды даярлау:

- Ауылшаруашылығы саласында білім беруді дамыту.
- Фермерлер мен жұмысшылардың біліктілігін арттыру.

Экологиялық тұрақтылық:

- Органикалық ауылшаруашылығы: Химиялық тыңайтқыштар мен пестицидтерді азайту.
- Топырақты сақтау: Топырақ эрозиясын болдырмау және биологиялық әртүрлілікті сақтау.

Нарықтық зерттеу және маркетинг:

- Нарықтық сұранысты зерттеу: Тұтынушылардың қажеттіліктері мен нарықтағы трендтерді анықтау.
- Брендинг және маркетинг стратегияларын дамыту: Өнімдердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Нарықтық стратегиялар. Тұтынушыларды зерттеу:

- Нарықтағы сұранысты зерттеу: Тұтынушылардың қажеттіліктерін анықтау және өнімдерді сәйкесінше жобалау.
- Бренд құру: Ауылшаруашылық өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Ауылшаруашылығын қаржы және инвестициялау

Ауылшаруашылық секторын қаржыландыру:

- Мемлекеттік субсидиялар мен гранттар: Фермерлер мен ауылшаруашылық кәсіпорындарына қолдау көрсету.
- Коммерциялық банктер мен қаржы институттары: Ауылшаруашылық жобаларға кредит беру.

Инвестициялардың түрлері:

- Тікелей инвестициялар: Жер, техника, технология сатып алу.
- Портфельдік инвестициялар: Ауылшаруашылық компаниялардың акцияларына инвестициялау.

Инвестициялау стратегиялары. Жобаларды жоспарлау:

- Ауылшаруашылық жобаларын тиімді жоспарлау: Нарықтық сұранысты, өндіріске қажетті ресурстарды және тәуекелдерді ескеру.
- Техникалық-экономикалық негіздемелер: Жобаның экономикалық тиімділігін бағалау.

Ресурстарды оңтайлы пайдалану:

- Инвестициялық шығындарды бақылау: Шығындарды азайту арқылы рентабельділікті арттыру.

- Жаңа технологияларды енгізу: Механизация мен автоматизация арқылы өндірістің тиімділігін арттыру.

Қаржылық жоспарлау. Бюджеттеу:

- Ауылшаруашылық кәсіпорындарының бюджетін жасау: Кірістер мен шығыстарды жоспарлау.
- Табысты басқару: Табыстың тұрақты ағымын қамтамасыз ету.

Тәуекелдерді басқару:

- Тәуекелдерді бағалау: Ауылшаруашылық секторында кездесетін тәуекелдерді анықтау (климаттық, нарықтық, қаржылық).
- Стратегиялар: Тәуекелдерді азайту үшін сақтандыру және хеджирлеу әдістерін қолдану.

Инвестицияларды тарту. Мемлекеттік қолдау:

- Ауылшаруашылық бағдарламалары: Мемлекеттік деңгейде ауылшаруашылығын дамыту үшін бағдарламалар мен жобалар.
- Халықаралық ұйымдар: Ауылшаруашылығын дамытуға бағытталған халықаралық ұйымдар мен қорлар.

Жеке инвесторлар:

- Ауылшаруашылық жобаларына жеке инвесторларды тарту: Инвесторларға ауылшаруашылық секторындағы мүмкіндіктерді көрсету.
- Инвестициялық клубтар мен қауымдастықтар: Ауылшаруашылық жобаларын қаржыландыру үшін серіктестіктер құру.

Цифрлық трансформацияның ауылшаруашылығына экономикалық әсері: Өнімділік пен тиімділіктің артуы:

- **Автоматтандыру мен робототехника** ауылшаруашылығында көп еңбекті қажет ететін процестерді жеңілдетеді, өнімділікті арттырады. Мысалы, егін жинау мен мал шаруашылығында роботтарды қолдану жұмыс күшінің тиімділігін арттырып, шығындарды азайтады.
- **GPS және дрондар** егістік жерлерін мониторингтеу мен ауылшаруашылық өнімдерінің өсу жағдайын бақылауға мүмкіндік береді. Бұл аграрийлерге уақытында қажетті шараларды қабылдауға және егіннің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Ресурстарды үнемдеу:

- **Су және тыңайтқыштарды тиімді пайдалану** — дрондар мен сенсорлар арқылы жердің жағдайын нақты анықтап, қажетті мөлшерде тыңайтқыштар мен суаруды қамтамасыз ету арқылы шығындар азаяды.
- **Жерді дұрыс пайдалану** — цифрлық жүйелер мен геоақпараттық технологиялар жердің нақты жағдайын талдап, оның әлеуетін толық пайдалану жолдарын көрсетеді.
- **Деректерді талдау** арқылы фермерлер нарықтағы сұраныс пен ұсынысты нақты анықтап, өнімдеріне баға белгілей алады. Бұл оларды шығындарды азайтып, табыс деңгейін арттыруға көмектеседі.
- **Цифрлық платформалар мен онлайн-сауда** фермерлерге өз өнімдерін тікелей тұтынушыға немесе басқа нарықтарға жеткізу мүмкіндігін ұсынады, бұл делдалдар санын азайтып, таза табысты арттырады.
- **Экологиялық мониторинг және дәл егіншілік** ауылшаруашылық өндірісінде қоршаған ортаға зиян келтірмей өнім өндіруді қамтамасыз етеді. Ауылшаруашылығында суды, жерді және басқа ресурстарды тиімді пайдаланудың арқасында экологиялық ізді азайтуға мүмкіндік бар.

Қорытынды

Ауылшаруашылығында өнім өндіру мен ұйымдастырудың тиімді жолдары экономиканың дамуына, азық-түлік қауіпсіздігіне және экологиялық тұрақтылыққа ықпал етеді. Тиімді өндіріс әдістері мен инновациялық шешімдер фермерлік шаруашылықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектеседі. Ауылшаруашылық ресурстарын тиімді басқару ауылшаруашылық өндірісінің тиімділігін арттыруға, экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз етуге және экономикалық көрсеткіштерді жақсартуға мүмкіндік береді. Ауылшаруашылығын қаржыландыру мен инвестициялау ауылшаруашылық өндірісінің дамуына, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және тұрақты экономикалық өсуге ықпал етеді. Ауылшаруашылық өнімдерінің нарықтағы сұранысы мен

ұсынысын зерттеу фермерлер мен кәсіпкерлерге нарықтық жағдайды түсінуге, тиімді стратегияларды әзірлеуге және өнім өндірісін жоспарлауға көмектеседі. Қоршаған орта мен тұрақты даму бір-бірімен тығыз байланысты. Тұрақты даму принциптерін жүзеге асыру арқылы экологиялық, әлеуметтік және экономикалық мәселелерді шешуге, болашақ ұрпақтың әл-ауқатын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ауыл шаруашылығындағы еңбек және әлеуметтік мәселелер ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсер етеді. Еңбек нарығын тұрақтандыру, әлеуметтік қорғауды қамтамасыз ету және білікті кадрларды даярлау ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Цифрлық трансформация ауылшаруашылығын жаңғырту мен дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Ол өнімділікті арттыруға, шығындарды азайтуға, ресурстарды тиімді пайдалануға, экологиялық зиянды азайтуға мүмкіндік береді. Дегенмен, бұл процесс бірқатар қиындықтармен бетпе-бет келуі мүмкін, оның ішінде инфрақұрылымдық мәселелер, кадрлардың жетіспеушілігі және табиғи факторлар бар. Дегенмен, цифрлық технологиялар ауылшаруашылығын жаңа деңгейге көтеріп, оның болашақтағы тұрақты дамуын қамтамасыз етеді.

Әдебиеттер тізімі:

1. **Нұрғалиев, Ә.Қ.** (2005). *Ауыл шаруашылығы экономикасы*. Алматы: Қазақ университеті.
 - Ауыл шаруашылығы экономикасының теориялық негіздері, ауыл шаруашылығы саласының құрылымы мен дамуы туралы түсінік береді.
2. **Дюсембаев, К.К.** (2006). *Ауылшаруашылығын басқару*. Алматы: Экономика.
 - Ауыл шаруашылығындағы басқару мен кәсіпкерлік процестердің экономикалық негіздерін зерттейді.
3. **Питерсон, К.** (2000). *Agricultural Economics: Principles and Policy*. McGraw-Hill.
 - Ауылшаруашылығындағы экономикалық теориялар мен саясаттарға арналған маңызды оқу құралы.
4. **Мур, Р. Р., Карсон, Р. Т.** (2007). *Environmental and Agricultural Economics: Theories and Applications*. Springer.
 - Ауыл шаруашылығы мен қоршаған орта экономикасын байланыстыратын зерттеу жұмысы.
5. **Шах, С. С.** (2010). *Farm Management Economics*. Prentice Hall.
 - Ауыл шаруашылығын басқарудың экономикалық аспектілері мен тиімділікті арттыру жолдары туралы оқу құралы.



Шымкент қаласы

№36 Ерке -наз бөбекжай бақшасы тәрбиешісі

Абилдаева Сауле Бекбергеновна

Баланы шығармашылыққа баулу: мектепке дейінгі тәрбие ерекшеліктері

Аңдатпа «Баланы шығармашылыққа баулу: мектепке дейінгі тәрбие ерекшеліктері» тақырыбындағы мақалада мектепке дейінгі жастағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың маңыздылығы қарастырылады. Баланың қиялы мен өзіндік ойлау қабілеті табиғи түрде жоғары болатын осы кезеңде арнайы әдістер мен қолдаудың қажеттілігі айқындалады. Мақалада шығармашылықты дамыту үшін ойын, сурет салу, музыка, ертегі құрастыру, табиғатпен байланыс сияқты әдістердің тиімділігі сипатталады. Сонымен қатар, тәрбиешілер мен ата-аналардың баланың бастамаларына қолдау көрсетуінің, еркіндік беруінің маңыздылығы атап өтіледі.

Бұл зерттеу мектепке дейінгі тәрбиеде шығармашылық қабілеттерді дамыту баланың эмоционалды, интеллектуалды және әлеуметтік дамуына оң әсер ететінін көрсетеді. Материал білім беру саласының мамандарына, ата-аналарға және балалардың шығармашылық әлеуетін ашуға мүдделі барлық тұлғаларға пайдалы болады.

Кіріспе.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту – тұлғаның жан-жақты қалыптасуына ықпал ететін маңызды процесс. Әсіресе мектепке дейінгі кезең – баланың дүниетанымы қалыптасып, ішкі әлеуеті ашылатын, қиялы ұшқыр болатын ерекше уақыт. Бұл кезеңде баланың шығармашылық қабілеттерін дұрыс бағытта дамыту оның болашақтағы табысты өміріне негіз болады.

Шығармашылық – баланың жаңа, ерекше идеялар тудыру қабілеті ғана емес, сонымен қатар оның өзіндік ойын еркін жеткізу, қоршаған әлемді өзгеше қабылдау мүмкіндігі. Мектепке дейінгі жастағы балалар табиғатынан шығармашыл, олардың қызығушылығы мен қиялы шексіз. Дегенмен, бұл қасиеттерді дамыту үшін арнайы жағдайлар мен әдістер қажет. Ең алдымен, мектепке дейінгі тәрбиешілер мен ата-аналар балаға еркіндік пен қолдау көрсетуі керек. Баланың өз ойларын ашық айтуына, қателесуден қорықпай, өз идеяларын жүзеге асыруына мүмкіндік беру – шығармашылық дамудың басты шарты. Балалар сурет салып, ертегі құрастырып, ән айтып, түрлі ойындар ойнау арқылы өздерін еркін сезінеді және жаңа нәрселерді үйренеді.

Сонымен қатар, ойын – шығармашылық қабілеттерді дамытудың ең тиімді әдістерінің бірі. Ойын барысында бала рөлдік образдарға еніп, түрлі жағдайларды ойша елестетіп, қиялын шындайды. Әсіресе драмалық ойындар мен театрландырылған көріністер баланың эмоционалды және шығармашылық әлеуетін арттыруға көмектеседі.

Материалдар мен әдістер.

Шығармашылық әрекеттерді ынталандыру үшін балаларға әртүрлі материалдар мен құралдар ұсынылуы керек. Сазбалшық, бояулар, түрлі-түсті қағаздар, табиғи материалдар – мұның бәрі баланың қиялын іске асыруға септігін тигізеді. Балалар өз қолдарымен бірдеңе жасап шығарғанда, олардың өз-өзіне деген сенімі артады, әрі бұл шығармашылықтың одан әрі дамуына түрткі болады.

Музыка мен би де баланың шығармашылық қабілеттерін дамытуда үлкен рөл атқарады. Ән айту, музыкалық аспаптарда ойнау немесе еркін би билеу – баланың эмоциясын сыртқа шығарып, өзіндік көркемдік стилін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Әуен мен ырғақ

баланың ішкі әлемімен үндесіп, оның сезімдерін бейнелеуге жол ашады.

Өңгіме мен ертегі айту – баланың сөздік қорын байытып қана қоймай, оның қиялы мен логикалық ойлауын дамытады. Балаларға ертегі оқып беру, одан кейін сол ертегіні өзгертіп немесе жалғастырып айтуға ұсыныс жасау – олардың шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіретін тиімді тәсілдердің бірі.

Сонымен қатар, табиғат аясында серуендеу, жан-жануарларды бақылау, өсімдіктерді зерттеу – баланың табиғатпен байланысын нығайтып, шығармашылық ойлауға шабыт береді. Мысалы, бала көрген гүлін қағазға түсіріп, оған атау ойлап табуы мүмкін немесе бұлттардың пішініне қарап, қиялында ертегі кейіпкерлерін елестетуі мүмкін.

Қорытындылай келе, мектепке дейінгі кезеңде шығармашылық қабілеттерді дамыту баланың эмоционалды, интеллектуалды және әлеуметтік дамуына оң әсер етеді. Бұл кезеңде баланың табиғи қызығушылығы мен қиялы шектеусіз болғандықтан, оны қолдап, дамыту үшін ата-аналар мен тәрбиешілердің рөлі аса маңызды. Баланың әрбір кішкентай жетістігін бағалап, оны ынталандыру арқылы біз еркін, жаңашыл ойлайтын, шығармашыл тұлғаны қалыптастыра аламыз. Сол себепті, балалық шақтағы шығармашылыққа деген құлшынысты бәсеңдетпей, оны барынша қолдап, дамыту – әрбір ересектің жауапкершілігі.

Қорытынды

Осындай жан-жақты және жүйелі қолдау арқылы балалар болашақта кез келген жағдайға бейімделе алатын, креативті ойлайтын, өз идеясын еркін жеткізе алатын тұлға болып өседі. Демек, мектепке дейінгі кезеңде шығармашылық қабілеттерді дамыту – тек баланың ғана емес, жалпы қоғамның болашағына салынған маңызды инвестиция деуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Айтмамбетова Б. «Балалар психологиясы», Алматы, Мектеп, 2015.
2. Әбенова С. «Мектепке дейінгі педагогика», Астана, Фолиант, 2018.
3. Құлжанова Н. «Тәрбие негіздері», Алматы, Рауан, 2012.
4. Мұқанов М. «Жас ерекшелік психологиясы», Алматы, Қазақ университеті, 2017.
5. Сарыбекова А. «Шығармашылық қабілетті дамыту әдістері», Шымкент, 2020.



Шымкент қаласы
№49 ЖОББМ педагог - сарапшы
Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
Дауеев Уалихан Құдысқанұлы

Ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту

Аннотация

Бұл мақалада ағылшын тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу дағдыларын жетілдіру әдістері мен тиімді тәсілдері қарастырылады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін қолданылатын диалогтық сөйлесу, ойындық жұмыстар, оқытудың басқа та түрлері талданады. Сондай-ақ ағылшын тілін меңгерудің маңыздылығы да айтылады.

Кілт сөздер: ағылшын тілі, сөйлеу дағдылары, коммуникативтік әдіс, диалог, жұптық жұмыс, топтық жұмыс, оқыту әдіс-тәсілдері

Әлемде ағылшын тілінің маңыздылығы күн санап артып келеді. Ағылшын тілі тек қарым-қатынас құралы ғана емес, оқу құралы, жаңа білім үйренудің кілтіне айналды десек те болады. Көптеген ғасырлар бойы шет тілінде сөйлеу адамның интеллектуалдығы мен зеректігінің жоғары көрсеткіші болып саналып келді. Ал қазіргі таңда оқыту мен оқудың түрлі жаңаша әдістерін қолдану арқылы барлық білім алушыларға тілді жетік меңгеруге мүмкіндік бар. Соның ішінде ағылшын тілінде еркін сөйлейтін зияткер әрі практикалық дағдыларға ие ұрпақты өсіру де заман талабына сәйкес туған.

Сөйлеу дағдыларының лингвистикада ғылыми тұрғыда қарастырылып, жан-жақты зерттелуі өткен ғасырда ғана жандана бастады. Тіл үйрену үдерісі кезінде маңызды фактор саналатын сөйлеу әрекетін зерттеу үлкен мәселелердің бірі екендігін швед ғалымы Фердинанд де Соссюр алғашқылардың бірі болып дәлелдеген. Бала тілін зерттеген ғалымдар: А.Шахнарович, Л.Щерба, Е.Кубрякова, С.Канцельсон, Т.Аяпова т.б. Л.Щерба: «Сөйлеу әрекеті дегеніміз – үздіксіз үрдіс және ол сөйлеу үрдісі мен тыңдаудан тұрады», – деп пікір білдерген. Ғалым Т.Аяпова: «Адам баласының сөйлеуі – баланың алғашқы сөйлеуі және тілдік ортада түсінуі, белгілі бір жағдаятқа байланысты, мақсатты, қажетті болып табылатындығын айқындайды», – дейді. Яғни ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес тіл үйрену кезінде сөйлеу дағдыларын дамыту маңызды болып саналады.

Ағылшын тілі – бұл тек ағылшын халқының тілі ғана емес, сонымен қатар Британ империясына қарасты көптеген елдердің тілі және әлемдегі қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын ең көп тараған тіл. Бүгінде әлем халқының оннан бірі ағылшын тілінде сөйлей алады. Яғни әлемде 200 миллионға жуық адам ағылшын тілінде сөйлейді деген сөз.

Ағылшын тілін оқытудағы мақсат – ағылшын тілді коммуникативті қалыптастыру әрі дамыту. Тілді үйренудің ең негізгі факторларының бірі – ол тілде сөйлеу болғанына қарамастан, кейбір білім алушылар әдеттегідей өз ойын айтудан, сөйлеуден қысылады. Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытуға байланысты қиындықтарын 4 кезеңге бөліп қарауға болады:

1. Оқушылар сөйлеу кезінде қате айтудан қорқады. Олар ұстаздарының немесе басқа сыныптастарының сынына ұшыраудан қорыққандықтан, үндемеуді жөн көреді.
2. Топтық немесе жұптық жұмыс кезінде тақырыпты талқылау барысында ана тілін қолдана бастайды.
3. Талқыланатын тақырып бойынша ақпарат жеткіліксіз болғанда, ана тілінде осы мәселе бойынша ақпараттарды талдай бастайды.
4. Оқушылар тапсырманы орындау барысында лингвистикалық және вербальды ақпараттардың жетіспеушілігінен де шет тілінде сөйлеуге қиналады.

Қазіргі таңда ағылшын тілін үйретудің көптеген әдіс-тәсілдері бар. Әр мұғалім сыныптың деңгейіне қарай оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамытатын әдістер жиынтығын таңдайды. Дәстүрлі және заманауи әдістерді де біріктіріп немесе жеке дара қолдану арқылы да тіл үйрету үдерісін нәтижелі етуге болады.

Ағылшын тілінде сөйлеу дағдысын дамытудың ең тиімді әдісінің бірі – диалог. Диалог – сөйлесудің

USTAZ ENBEGI

ең негізгі құралы болып саналады. Мұғалім сыныпқа кіргеннен оқушылармен амандасып, диалог құрады. Сабақта диалог әдісі арқылы тапсырма бере отырып білімді бірлесіп құру, талқылау, түсіну дағдыларын қалыптастыруға болады. Оқушылар бір-біріне сұрақ қою, жауап беру арқылы өз ойларын жеткізеді. Талқылау, сұхбаттасу арқылы ой-пікірлерін дәлелдеуге тырасады. Диалогтік тәсіл білім алушылардың ашылуына, пікірін жеткізуге және сөздік қорының молаюына әсер етеді.


Оқушылардың шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту үшін төмендегідей әдістерді де қолдануға болады:

1. Түрлі грамматикалық тапсырмалар беру;
2. Суреттердің мазмұнын айту, талқылау;
3. Топта, жұпта талқылау;
4. Берілген мәтін, әңгімені жалғастыру;
5. Шағын көріністер дайындату;
6. Мәтінге байланысты түрлі тапсырмалар беру;
7. Ойын тәсілдері;
8. Мультимедияны пайдалану (видеосабактар, ағылшын тіліндегі подкастар тыңдау, ән айту)

Қорытындылай келе, оқушылардың шет тілінде сөйлеу дағдыларын дамыту — бұл тіл үйренудің нәтижелігіне қолайлы жағдайды жасаудың бірден бір жолы. Білім беруде жаңашыл көзқарасты қолдану – тәжірибеге бағытталған оқытудың үлкен жетістігі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. «Мектептегі шет тілі» Республикалық әдістемелік- педагогикалық журнал.
2. «Ағылшын тілі мектепте» Республикалық ғылыми- әдістемелік журнал.
3. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев зияткерлік мектебі» - ДББҰ, 2012ж.



Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Құлан ауылы
А. Гайдар атындағы жалпы білім беретін мектебі
Аға тәлімгер
Гасанова Айгуль Карибовна

Тақырыбы: «Мен мейірімді адаммын!»

Қатысушы: 6 «Ә» сынып оқушылары

Мақсаты: Баланың бойына рухани-адамгершілік қасиеттерді ұялату, жақсы-жаманды ажырата білуге, адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бір-бірімен қарым-қатынастарын жақсарту, оларды адамгершілікке, имандылыққа, шыншылдыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: Тренинг сабақ

Әдісі: Түсіндіру, сұрақ – жауап, әңгімелеу.

Көрнекі құралдар: слайд, плакаттар, түрлі түсті қаламдар

Сабақтың барысы:

1. Мұғалім: Сәлем түзелмей әлем түзелмейді демекші балалар ең алдымен сендермен сәлемдесіп өтейін. Сәлеметсіздерме балалар! Бүгін бізде ерекше күн және ерекше сабақ. Сондықтанда әрбір айтылған сөзімізді жүректерімізден өткізіп, қазақ ақыны қадір Мырза Али айтқандай

Тыңдай білу – ұлылық,

Тыңдата білу даналық, дей отырып бойымыздағы бар жақсы қасиеттерімізді дәріптейік.

Бүгінгі біздің сабағымыздың тақырыбы «Мен мейірімді адаммын!» Адамның жақсы қасиеттерінің бірі мейірімділік туралы әңгімелесеміз.

2. Балалар орнынан тұрып «Мен қандаймын?» сұраққа өз атының бірінші әріпінен басталатын сөзді атымен қосып айтуды сұраймын.

Оқушылар шеңбер бойымен қол ұстасып тұрып бір-бірілеп айтып шығады.

Жарайсындар балалар!

3. Ал енді «Мейірімділік» қасиетін кім қалай түсінеді? Ойларыңды жеткізіп көріңдер кәне. Оқушылар сахналау, өлең жолдарымен мейірімділікті қалай түсінетіндерін жеткізеді. Мұғалім қорытындылайды.

1-оқушы «Мейірімділік»

Мейірімділік – ғажайып өмір есігі,

Мейірімді болсаң – сазды әуенмен тербетілер бесігің.

Ашық болсын мұқтаждарға көңілің мен есігің,

Мейірімсіз болсаң, алладан болмас кешірім.

2-оқушы

«Мейірімді адам» бойындағы қасиеттерді атап өтсек: жақсы адам, ақкөңіл, жаны таза, шыдамды, рақымшыл, жылы жүректі.

4. Ал, енді балалар, сұрақтарға жауап берейікші.

Мейірімділік деген не?

Қалай мейірімді болуға болады?

Қандай адамды мейірімді адам деп айтасындар?

Адамзат ненің, кімнің мейіріміне бөленген?

5. Видеоролик «Мейірімді болуды үйренейік» оқушыларға көрсетіледі.

Оқушылар видеороликтен түйген ойларын ортаға салады.

Оқушылар жауап береді.

6. «Болады-болмайды» сергіту жаттығуы

(оқушылар шеңберге тұрады, мұғалім болатын нәрселерді айтқанда оқушылар екі қолын көтереді, ал болмайтын нәрселерді айтқанда бір қолын көтереді)

-Мейірімді болуға (болады), Кешірімді болуға (болады),

Қатыгез болуға (болмайды), Тәртіпті болуға (болады),

Әдепті болуға (болады), Ұрысқақ болуға (болмайды),

Сыпайы болуға (болады), Қайырымды болуға (болады),

Тәртіпсіз болуға (болмайды), Бауырмал болуға (болады),

USTAZ ENBEGI

Ақылды болуға (болады), Мақтаншақ болуға (болмайды),

Шыншыл болуға (болады),

Маман болуға (болады), Жаман болуға (болмайды),

Жақсы болуға! (болмайды).

-Мейірімді болуға (болады),

7. Жағдаяттар

1.Сенің анаң жұмыстан шаршап келді. Үй іші жиналмаған.Сен осындай жағдайда не істер едің?

2.Даладан сен қанаты сынған құсты көрдің. Балалар құстың аяғынан ұстап алып жібермей ойнап жүр.Сенің әрекетің?

3.Көшеде саған кәрі атай кездесіп, сенен дәріханаға дейін жеткізіп салуын сұрады? Сенің әрекетің?

4.Досың сабаққа келе алмай үйде ауырып қалды. Сен осы жағдайда досыңа қалай көмек бере аласың?

Оқушылар берілген сұрақтарға жауап беріп, өз пікірлерін айтады.

Мұғалім қорытындылайды.

Мейірімділік дегеніміз- бір – бірімізге деген жылуымыз, достығымыз, көмегіміз. Бәріміздің жүрегіміз жақсылық пен мейірімділікке толы. Осы жылылықты бір – бірімізге шашайық. Шашқан жылылығымыз өзімізге қайта оралады.

<https://www.facebook.com/share/12ArKcBGjs9/?mibextid=WC7FNe>

Назарларыңызға рахмет!





**Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
«№50 Үлгілі ЖББМ» КММ
Көркем еңбек пәнінің мұғалімі
Устемиров Батырбай Жакипович**

Ұлттық білім беру моделі менің көзқарасыммен

Елімізде жеке тұлғаның, қоғам және мемлекет үшін бағдарланған тәрбиенің тұтас жүйесі өз дамуының жаңа кезеңіне аяқ басты. Сонымен қатар, орын алған оң өзгерістер білім беру ұйымдары қызметінің тәрбие жүйесінде көрініс тапты. Қазіргі таңда, білім беруді ізгілендіруге, оқытудың инновациялығына қол жеткізілді, баланың еркін, жауапты тұлға ретінде дамуына жағдай тудыруға күш салынуда. Жаһандану жағдайында рухани құндылықтарымызға қайта оралып, жастарға саналы білім мен парасатты тәрбие беру мәселесі өзектілігімен айқындалады.

Ұлтымызды дәріптеп, рухымызды биіктетіп, ұлттық сенімімізді жігерлендіретін ұрпақтың болашағы – бізге, яғни ұстаздарға үлкен міндет. Ол үшін мұғалім кәсіби біліктілігін жаңа бағытта арттырып, білім мазмұнын жаңартып, тиісті әдіс-тәсілдерді қолданып, әдістемелік негіздерді қалыптастыруы керек. Өйткені білім әр адамға өмір бойы қажет екенін өмір тәжірибесі дәлелдеп отыр. Сонымен қатар, алдыңғы қатарлы технологияларды пайдалану білім беруді жаңарту ісіндегі маңызды буын болып табылады.

“Тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, келешекте оның өміріне опат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие”-деп әл-Фараби айтқандай, тәрбие-жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Тәрбие мәселесі тұлғаның қалыптасу барысын сипаттайтын педагогика ғылымдарының көкейкесті мәселесінің бірі. Қазіргі тәрбие мазмұны ғасырлар бойы қалыптасып, белгілі бір тарихи кезеңде қоғамдық сананың даму ерекшеліктеріне, идеялық және құндылық ұстанымдарға байланысты жетіліп отырады.

“Бала тәрбиесі-мемлекеттің маңызды міндеті” деген Платоннан келе жатқан қанатты сөз тәрбие жүйесінің негізгі қағидасы. Өйткені ұрпақ тағдыры-ұлт тағдыры. Тәрбие-халықтың ғасырлай бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын, өмірге деген көзқарасын қалыптастыру. Тәрбиенің түпқазығы ғибратты, ғұмырлы, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген ұлттық педагогика болып табылады.

Ұлттық сапаның өсіп, мәдени және рухани дәстүрлердің, тілдің қайта жаңғырған кезінде мектеп оқушыларын өз халқының рухани құндылықтарымен, ұлттық мәдениетімен, салт-дәстүрімен түбегейлі, неғұрлым терең таныстыру қажеттілігі туралы, яғни өткен мен бүгіннің және келешектің арасындағы рухани байланыс біріктіруші элемент болуы тиіс, бұларды жеткізуші-білім беру, мұғалімдер, дәстүрлер. Әрбір ұлт “өсуі” қажет, яғни ұлттық білім алудың, ана тілін, әдебиеті мен өнерін оқытуды ұйымдастыруға арналған инфрақұрылымды қалыптастыруға қатысудың, тұтас алғанда оқушылардың өз ұлтының мәдениетіне араласуының қажеттілігін ұғынуы тиіс.


Кейінгі кезеңде біздің қоғамымызда болып жатқан жағдайлардың көбі жас ұрпақты қазақтың халықтың педагогикасының идеяларына жаппай араластыру қажеттігі ерекше жолға қойылатын уақыт келеді деген үміт ұялатады көңілге. Көне әдет-ғұрып элементтері бүгінгі салт-дәстүрлерге күннен-күнге белсенді түрде енгізілуде.

Қазіргі уақытта жастардың өз ата-бабаларының халықтық салт-дәстүрлеріне, шынайы ұлттық музыкалық-поэтикалық, хореографиялық, бейнелеу шығармашылығына, қазақтың ұлттық киімдеріне, баспанасына, халықтық дүниетанымына қызығуы және ұмтылуы байқалады.

Егеменді ел жастарының санасына ұлттық ұлағатты қасиеттерді сіңіре білудің мәні зор. Ақынжанды, ақжарқын, шешен, өнерпаз, өнегелі халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәлім-тәрбиелік әдеттері мен ережелері, салт-саналық дәстүрлері жас ұрпақтың жан дүниесіне әсер етіп, санасына сіңсе, ұлттық мәдениетті игерген иман жүзді, инабатты ұрпақ жалпы адамзаттық асыл қасиеттерге ие болады.

Халқымыздың әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, ілтипаттылық, қонақжайлылық сияқты абыройлы қасиеттерін жас ұрпақтың ақыл парасатына азық ете білу үшін, әрбір ұстаз халық педагогикасын: сан ғасырларда қалыптасқан салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды жан-жақты терең біліп, тебірене іс-қимыл жасауға тиіс. Ұстаз ұлттық мәдениет үрдістерін өркениетті өмірмен байланыстырып, тәлім-тәрбиеге пайдалана білуге міндетті.

- уметь извлекать информацию из разных источников;
- находить и оценивать информацию из различных источников;
- уметь пользоваться источниками и ссылаться на них;
- уметь читать, работать с несплошными текстами;
- реализовывать разные стратегии чтения при работе с текстом.

Нужно использовать при работе с учениками тексты разных стилей. Особенно в старших классах важна работа с публицистическими текстами: на их основе ученики учатся выражать себя как личность.

Анализ текста является основой для формирования умений школьников создавать собственное высказывание в устной или письменной форме.

Как говорил Лихтенберг: «То, что вы вынуждены открыть сами, оставляет в вашем уме дорожку, которой вы можете воспользоваться, когда в этом возникает необходимость.»/1/

То, что ученик откроет сам, то и будет в его долговременной памяти, поэтому открытие-результат любой деятельности, связанной с текстом,-основа и при функциональном чтении тоже.

Чтение – сложный, многогранный процесс. Он подразумевает решение важнейших познавательных и коммуникативных задач – понимание (общее, полное, критическое), нахождение конкретной информации, интерпретация содержания.

Работа с текстом проходит на всех уроках русского языка и литературы, начиная с 5 класса. Это

и тексты упражнений из учебников, и тексты, предложенные учителем и даже учениками (когда у них есть желание поработать и исследовать в содружестве с одноклассниками какой-либо текст, они предлагают его сами).

Работа с текстом проводится регулярно в определенной системе и на различных этапах. В начале урока-в целях активизации знаний по теме; в процессе урока-для отработки знаний, умений и навыков.

Обязательны отдельные уроки комплексного анализа текста. Анализ текста является основой для формирования умений учащихся создавать собственное высказывание в устной и письменной форме.

Как формировать функциональную грамотность?

Вот некоторые премудрости из опыта:

- Для начала попросите ребенка пройти тестирования на удобной ему платформе — сейчас есть множество сайтов с заданиями PISA. Их можно использовать и для диагностики, и в качестве тренировки.
- Вписывайте знания, получаемые ребенком в школе, в жизненный контекст. Например, ребенок изучает тему «Проценты» — попросите его рассчитать, какой накопительный вклад выгоднее открыть, чтобы накопить на велосипед/новую приставку/любое другое приобретение. Личная значимость и практическая польза в этом случае будут зашкаливать.
- Введите правило — по научно-популярной статье в день в последующим обсуждением и обменом мнениями. Можно организовать семейный клуб — *(внимание — темы даны для примера, вы совершенно свободны в выборе того, о чем будете читать)* папа читает о Космосе, мама об истории открытия древнего языка, ребенок — о чем угодно, что его интересует (если не интересует ничего, попробуйте наугад выбрать текст из энциклопедий для детей от издательства «Аванта+» — и если так делать регулярно, то постепенно ребенок втянется).
- Работать с фейками. Если ребенок сидит в TikTok и приходит к вам с очередным гениальным видео, попросите его проверить, реально ли возможно то, что там предлагают. Например, в прогремевшем #yogachallenge двое йогов как будто парят в воздухе - спросите у ребенка, а реально ли это? А как насчет законов физики?
- Чтение текстов — любых. А для чего этот текст написан? А что от тебя здесь хотят? А как автор добивается, чтобы ты что-то сделал? Подойдут и вопросы по тексту - а что он тут имел в виду?
- А можно попросить ребенка каждый день вписывать в дневник все, что с ним происходит, и оформить это как книгу - это поможет развить навык написания текстов и подойти к заданию творчески.
- Еще для развития читательской грамотности и креативного мышления можно просить ребенка перевести текстовую информацию в любой другой вид — нарисуй, составь табличку, схему, сделай свой собственный мультик, скульптуру!
- Если мы говорим о критическом мышлении, на помощь придет книга Никиты Непряхина и Тараса Пащенко «Критическое мышление. Железная логика на все случаи жизни», написанная специально для подростков.

В конце хочу привести слова А.А.Леонтьева : «Ученик, у которого сформированы навыки функционального чтения, может «свободно использовать навыки чтения и письма для получения информации из текста – для его понимания, сжатия, преобразования и т.д.».



**Ақмола облысы, Астрахан ауданы
Бірлік негізгі орта мектебі
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Нұрғабыл Құттыбике Сабырбайқызы**

Мұғалім – әлемдегі ең үздік мамандық

Мұғалім туралы жазбама тұздық болсын, әңгімемді көне заманнан келе жатқан ғибратты әңгімеден бастайын.

Ерте заманда бір патша мұрагерін сауат ашсын деп мектепке апарады. Бірақ ол еркеліктен тіл алмай, сабақ оқымай ұстазды шаршатып жібереді. Ел басқарған адамның ұлы болғасын әкесіне бұл туралы айтуға батылы бармайды. Бала «қой» дегенді түсінбей, шектен шыққасын, амалдың жоқтығынан патшаның алдына барып, мән-жайды баяндайды. Ұстазды тыңдаған ол ұзақ ойланып, қандай шешімге келгенін айтады. Одан мұндайды күтпесе де дегеніне көнеді. Ертеңіне сабақ үстінде әлгі ерке бала мұғалімін келемеждеп, тағы тыныш отыра алмайды. Дәл сол мезетте біреу есікті қағады. Арғы жағындағы патша екен. Алдын ала келісіп алғандай, ұстаз оған: «Жап есікті, көрмейсің бе, дәріс өтіп жатырмыз!», - деп дүрсе қоя береді. Патша қарсы бір ауыз сөз айтпастан, басы салбыраған күйі кешірім сұрап шығып кетеді. Мұны көрген бала әкесі мен ұлының әрекетіне таңырқай қарайды. Сол күннен бастап әлгі бала ұстаздың сөзін екі етпей, еркелігін жиыстырып, үлгілі шәкіртке айналыпты. Бұдан біз патшаның өзінің абырой-атағына қарамай бала тәрбиесін, ұстаз абыройын бәрінен жоғары қойғанын көреміз.

Ежелгі грек ғұламаларының «Патша қанша жерден ақымақ болса да баласының ұстазының алдын кеспейді» деген даналығы осыдан шықса керек. Ал қазақтың аяулы ақыны Мағжан Жұмабаев «Алты Алаштың игі жақсысы бас қосса, төрдегі орын ұстаздікі» дейді. Қанша жерден ғұлама немесе жұлдыз болса да өзін өмірді тануға жетелеген, шыңға шығуға себепші болған ұстаздың алдында бәрі кішірейіп тұрады. «Ғалым да, шахтер да бас иетін» деген өлең мәтіні осыған саяды. Жоғарыда біз айтқан патшаның әрекетінен ұстазды төрге оздырған адамның үлгісін көреміз.

Мұғалімдік – мамандық қана емес, жаның мен ақылыңды, шыдамың мен шығармашылық әлеуетіңді, тіпті өзіңді толықтай арнайтын өмірлік миссия. Оған кейбіреулер бала күнгі арманына қанат бітіріп келсе, енді біреулер жоғары білім ала жүріп тәжірибемен толысады. Мен өзімді осы екеуінің біріншісіне қосар едім. Өйткені мамандық тандарда екіді болған емеспін. Қазір мен мектепте жанымның қалауы болған іспен айналысып жүрмін. Балаларға білгенімді махаббатпен үйретіп жүрмін.

«Мұғалім деген кім?» деген сұраққа оралайық. Ең әуелі ол – тірі энциклопедия, білімнің қайнары. Өз жұмысын жанын салып жақсы көрмеген адам балаға барын бере алмайды. Кез келген мұғалім ашу-реніші мен шаршағанын кабинеттің сыртында қалдыруы керек. Шыдамдылық, жауаптылық, ұстамдылық, еңбекқорлық пен бәрін біруге құштарлық – бізге керек қасиеттер. Балалардың шексіз мейірімділігі мен жылы жүрегі маған зор қуат береді. Олар маған кешіруді, үміттенуді, түсінуді, сену мен жақсы көруді үйретіп келеді. Балалардың әзілі, еркелігі, жетістігін, оның артындағы көл-көсір еңбегін күнде көріп жүргесін әрқайсысы – мен үшін бір төбе. Менің ойымша, ұстаз бен шәкірттің қарым-қатынасы өзара сенімге, түсіністік пен құрметке құрылуы тиіс. Жақсы мұғалім балаларды жақсы оқиты, жаман оқитын деп алаламауы керек. Шамшырағын жаға білсе, нашар оқушы болмайды.

USTAZ ENBEGI

Қазір заман басқа. Ұстаздар қауымына зор міндет артылып отыр. Ақпаратқа қанық, бүкіл әлем алақанында тұрған, озық ойлы балаларға білім беру де оңай емес. Адам баласы алдын кесіп өтпейтін, көшеде көрген кім-кім де даланың аяз екеніне қарамастан бас киімін шешіп, иіліп құрмет көрсететін мұғалім мәртебесіне бір кездері сызат түскені жасырын емес. Тек арнайы заң қабылданып, жоғарыдан қозғау болғасын ғана бұл мәселенің тоңы жібіді. Осы орайда қазақтың хас батыры Бауыржан Момышұлының «Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген аталы сөзі әрдайым жадымызда жаңғырып тұруы тиіс.

Бізге ұстазға құрмет мәселесінде жапон халқының мұғалімдерге деген қарым-қатынасынан үлгі алуға болатын сияқты. Мұнда біздегідей күнтізбеде мұғалімдер мерекесі жоқ, есесіне жапон халқы үшін әр күн – ұстаздар күні.

“Бала бойына ұлттық құндылықты сіңіру

Қазіргі таңда білім беру саласында біртұтас тәрбие мәселесі қолға алынып отырғаны баршамызға белгілі. Осы орайда ең бірінші баланың бойына ұлттық құндылықты сіңіруді қолға алуымыз керек. Ұлттық құндылық деген - ізгілік, имандылық, кішіпейілділік, шешендік, рухани байлық, сыйластық, қайырымдылық, сыпайылық, мәдениеттілік, рухани байлық тәрізді бірнеше қасиеттерді құрайтын ізгі амал.

Еліміздің ертеңі - жас ұрпақты тәрбиелеуде осы ізгі қасиеттерді сіңіруге өз үлесімізді қосу барысында ұлттық рухы дамыған, Отанымыздың гүлденуіне үлесін қоса алатын жас ұрпақты тәрбиелей аламыз. Яғни, жас буынды ұлттық тәлім - тәрбиеге баулып, халқымыздың салт - дәстүрін жақсы білетін тұлға тәрбиелеуге көңіл бөлуіміз қажет. Біртұтас тәрбие бойынша ата өсиетін, әже даналығын, ана мейірімін, әке қамқорлығын бүлдіршіндердің санасына сіңіруге жұмыстар жүргізуіміз керек. Осы бағытта жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде: Балаларды ата - ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, ұлттық мұраны қастерлеуге, ана тілін, Мемлекеттік рәміздерді құрметтуге, қамқорлыққа, мейірімділікке, салауатты өмір салтын ұстануға, табиғи мұраға ұқыпты қарауға, еңбекқорлыққа тәрбиелей аламыз. Ұлттық құндылықты бала тәрбиесінде тиімді пайдалана білсек, халқымыздың бет - болмысын, ерекшелігін білдіретін тілі мен мәдениетін, өнерін насихаттай аламыз.. Бұл дегеніміз - тәрбие барысында қазақ халқының ұлттық ойындарын, ұлттық салт - дәстүрін, ұлттық киімдерін, ұлттық тағамдарын, ұлттық жиһаздарын, ұлттық аспаптарын балабақшадан бастап үйретудің тиімділігі.

Негізгі құндылықтарға - еліміздің тыныштығы, халықтар достығының татулығы, шекаралас елдердің арасындағы бейбітшілік, адамдардың бір - біріне мейірімділігі, бір отбасындағы бауырлардың бір - біріне кешірімділігі, қоғамдағы әділдік пен адамгершілік және қоршаған ортадағы тазалықты жатқызуға болады.

Еліміздің ертеңгі иесі, азаматтарын тәрбиелеуде ана тілін, ата тарихын, төл мәдениеті мен ұлттық салт - дәстүрін меңгеруі негізінде ұлттық тәрбиені қалыптастыра аламыз. Ал, ұлттық мәдени құндылықтарға ұлтымыздың ғасырлар бойы жинаған, ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын, адами қадір - қасиетін қалыптастыру жатады. Әрбір бүлдіршінді жеке тұлға етіп қалыптастыруда алдымызға мына нәрселерді мақсат етіп қойсақ, тәрбие барысында қателеспейтініміз анық:

- Өз халқының мәдениеті мен дәстүрлерін мақтан тұтатын Қазақстан азаматын тәрбиелеу;
- ұлттық мұраны құрметтейтін жеке тұлға қалыптастыру;
- этномәдениет негізінде тәрбие негізін ұйымдастыру.

Осы мақсаттарды жүзеге асыра алсақ, мектепке дейінгі ұйымдардың жақсы жетістікке жеткені. Әр аптаның дүйсенбі күні Қазақстан Республикасының Әнұранын айтқызуды дағдыға айналдырсақ, таңертеңгі жаттығуда Қара жорға биінің элементтерін күй тыңдату барысында орындатуды қалыптастырсақ, балаларды қабылдау сәттерінде ұлттық ойындарды ойнату арқылы балалардың ой - қиялын, ептілігін дамытсақ, іс - әрекет барысында апта дәйексөздерін қайталата отырып, сөздік қорларын толықтырсақ, сондай - ақ ұйқыға жатар алдында бесік жырын тыңдату арқылы ана тіліне деген сүйіспеншілігін оятсақ, күннің екінші жартысында түрлі сюжетті - рольдік ойындарды ойнату арқылы ой - өрісін кеңейтсек, үйірме жұмыстарын жүргізу барысында қол моторикасын дамытсақ - міне, осындай жұмыстарды жүйелі жүргізсек, тәжірибеміз байытылып, ұлттық құндылық бағытындағы жасаған жұмыстарымыз өз нәтижесін беретіні анық.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіруге дидактикалық ойындардың, сюжетті - рөлдік ойындардың пайдасы орасан зор. Атап айтар болсақ ою - өрнектермен немесе асықтармен бірнеше дидактикалық ойындар ойнатуға болады. Асықты – қазақ халқына ортақ ұлттық мұра деп айта аламыз. Асық ойыны баланың ұсақ моторикасын, қозғалысты үйлестіру деңгейін, кеңістікті ойлауын, сенсорлық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Асықтарды пайдалана отырып, балаларға санау ұғымдарын бекітуге, түстерді ажыратуға болады. Ойын ойнау кезінде балаларда асықтарды көлемі, түсі бойынша таңдап, оларды сымдар мен бауларға өткізу барысында шапшаңдылық дағды қалыптасады. Ересек топтарда “Асық жина», «Кілемді асықпен безендір» дидактикалық ойындарын ойната отырып, танымдық белсенділікті дамытуға, ой-өрісін кеңейтуге дағды қалыптастырамыз.

Ұлттың ең басты ерекшелігінің бірі – ана тілінің болуы, салт-дәстүрлері, мәдениеті және халықтық әдебиеті сияқты құндылықтар – халқымыздың ғасырдан бері қалыптасып, ұлт бойына тұрақтаған қасиеттері. Осындай мақсатта балабақшада түрлі іс - шаралар өтуге болады. Мысалы, “Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер” тақырыбында балалар арасында сайыс өткізу арқылы балаға шыққан тегін білуге үйретеміз. Мұндағы мақсат - баланы Отансүйгіштікке, ұлтжандылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. Сондай - ақ, балалар арасында әкелерімен бірлескен “Әке көрген оқ жонар” атты сайыс өткізудің де ерекшелігі бар. Бала әкесінің ізімен жүретіндігін бәріміз білеміз. Яғни, әкесінің жасаған қолөнері арқылы баланың шеберлігі артады, ұлттық бұйымға қызығушылығы артады. Әкесі қамшы өрсе бала қамшының қандай пайдасы барын, оның неше өрімнен тұратынын, оның қалай өрілетіндігін, қамшыны не үшін пайдаланатындығын түсінеді, үйренеді. Немесе, ер - тоқымды атқа қалай ерттеу керектігін, аттың әбзелдерін ажыратып, атауды үйренеді. Міне, осы тәрізді әрбір ұлттық бұйымның жасалу жолын үйрете отырып, баланы халқымыздың сан ғасырдан бері келе жатқан құндылығын жоғалтпауға үлесімізді қоса аламыз.

Отаншылдық сезім – ұлт рухы деңгейінің айнасы, өлшемі. «Балаңды өз тәрбиеңмен емес, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген халқымыздың дана сөзін бала тәрбиесінде назардан тыс қалдырмайық!. Сондықтан, ұлттық құндылықтарымызды тәрбиелеу барысына енгізу арқылы ұлттың тұнып тұрған рухани байлығымен өскелең ұрпақты сусындату – басты парызымыз.деп сезінейік!



**Қызылорда облысы, Шиелі ауданы
“Ақбота” бөбекжай - бақшасының тәрбиешісі
Абдиева Жанар Арыстанбекқызы**

“Инновациялық технологияларды қолданудың ерекшелігі”

Қазіргі таңда мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін туындап отырған талаптарды орындау, жаңашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы деп сенімді түрде айта аламыз. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшада берілетін тәрбие - бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор.

Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті тақта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - мультимедиялық оқулықтарды балабақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, мультимедиялық оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланады.



Мектепке дейінгі ұйымдарда білім беру инновациялық технологияның бірнеше түрі - денсаулық сақтау технологиясы, Зайцев технологиясы, әуенді - кесте технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, ақпараттық коммуникативті технология, ТРИЗ технологиясы, денсаулық сақтау технологиясы, жобалау технологиясы, ойын технологиясы т.б. қолданылады.

Өмір талабына сай жаңа технологияларды тәрбие мен білім беру аясында шебер қолдана білу тәрбиешінің міндеті болса, ертегілерді оқу іс - әрекетінде өз ретімен қолдана білсе тәрбиеленушілерді жан - жақты дамытуда ертегінің аса зор мәні бар екенін айқындайды. Іс - әрекет барысында ертегі кейіпкерлерінің жан - жақты мінез - құлықтарын айыра білу бойынша жақсы деген немене, жаман деген немене екендігіне көзін жеткізеді. Осы ертегілерді интерактивті тақталардан, мультимедиялық құрылғылардан көрсетумен қатар бүгінгі таңда жасанды интеллект арқылы кейіпкерді сөйлету әдісі енгізіліп жатыр.

Күні бойғы балалармен жүргізілетін іс - әрекет барысында ертегілерді қолдану арқылы негізгі педагогикалық дәстүр пәнаралық байланысты жүзеге асыруға болады. Ертегінің өзіндік құрылысы, көркемдік ерекшелігі бар. Қандай ертегіні алсақ та, ол белгілі бір сюжетке құрылады, оқиғаның желісінің басталуы, аяқталуы, өзіндік шешімі болады. Ертегі баяу басталып, оқиға желісі күрделене түседі. Әсіресе адам өміріне байланысты іс - әрекет әзілмен беріліп, бала сезімін селт еткізіп, күлкіге мәз етеді. Бала жағымсыз кейіпкердің жексұрын әрекетінен бой тартып жақсылыққа құмартады.

Ертегінің әр жақты сырын қызықты, тартымды, бала санасына лайықтай жеткізу айтушының шынайы шеберлігіне тікелей байланысты. Бақшада ертегі оқу, оны сахналау кез- келген режимдік сәттерде өтіледі. Бастысы, алынған жұмыс баланың жас ерекшелігіне сай жоспарлану керек. Кіші жас тобында ауызша әңгімелеп беру тәсілі қолданылады. Ортаңғы топтарда оқыған шығарманы тыңдату және әңгімелеп беру қатар жүргізіледі. Мұндай мақсат – ертегіні ауызекі әңгімелеуге төселдіре отырып оқылғанды шыдамдылықпен тыңдай білуге үйретеді.

Ал, ересек, мектепалды топтарда интерактивті тақтаны қолдану арқылы ертегіні бала сахналай алады, рольдерге бөлініп ойнау алады, бір - бірімен диалог құра алады, ойлану арқылы интерактивті тақтада жұмыс жасай алады:

- Флипчартта «инструменты» батырмасының көмегімен сызғышпен әр түрлі бағытта «Бауырсақ» тың жолын салу, презентацияда жүктелген суреттерді орналастырып, сиқырлы қаламның көмегімен бауырсақты жүргізу, балалар бағытты дауыстап айтады; яғни, кеңістікті бағдарлаумен қатар, түстерді ажырату, заттарды көлеміне қарай салыстыру арқылы танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыта аламыз. Сонымен қатар коммуникативтік дағдылары қалыптасады. Баланың сөйлеу дағдысы дамиды. Мысалы: Жата - жата жалыққан бауырсақ терезеден секіріп түсіп домалай жөнеледі.

- Бағыты: төмен, оңға, төмен, қоянға жолығады

Ассоциация әдісі: қоян - қорқақ, ұзын құлақ, ерні жырық, артқы аяғы жақсы дамыған, көзі қызыл, қыста тонын ауыстырады, құйрығы кішкентай, секіреді (Балалар орындарынан тұрып секіреді)

- Бағыты: солға, төмен, оңға, жоғары қасқырға жолықты

Ассоциация әдісі: қасқыр - жабайы жануар, сұр, жағымсыз кейіпкер, жыртқыш, итке ұқсайды, ұлиды (Түймені басып қасқырдың дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, жоғары, оңға, төмен аюға кездесті

Ассоциация: аю - жабайы жануар, бал жейді, жидек жейді, қорбаңдап жүреді, аяғы талтақ, аю ақырады (Дыбысын естірту)

- Бағыты: оңға, төмен түсіп түлкіге кездесті

Ассоциация: түлкі - қу, айлакер, құйрығы ұзын, сыландап жүреді

Бауырсақ, түлкіге жем болғысы келмей, үйіне қайтқысы келіп түр көмектесейік (бір бала активті қаламды алып бауырсақты келген жолымен қайта домалатады, балалар бағытын айтып отырады) Ертегідегі мінез - құлқы қарама - қарсы кейіпкерлерді ата;(кіші топтың балаларына жағымды кейіпкерді тәрбиеші атайды, бала жалғастырады)

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілілік бағдарламасына сай әр баланың қызығушылығын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып оларды толыққанды дамыту балабақша тәрбиешілеріне жүктелген міндет, сондықтан баланы жетілдіру бағытында осы аталған технологияларды орынды қолдансақ, үлкен жетістіктерге жете аламыз. Ол үшін ең бастысы баланың қауіпсіздігін сақтауымыз қажет. Балалардың физикалық дамуын, коммуникативтік, танымдық және зияткерлік дағдысын дамыту, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік - эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуді естен шығармағанымыз абзал.



**Шымкент қаласының білім басқармасының
№28 жалпы орта білім беретін мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Керимбаев Надирхан Каражанович**

Қазақтың ұлттық ойындары

Андатпа: Бұл мақалада қазақтың ұлттық ойындарының дене шынықтырудағы маңызы мен тәрбиелік рөлі қарастырылады. Ұлттық ойындардың жас ұрпақты физикалық және рухани тұрғыдан дамытудағы ықпалы талданады. Дене шынықтыру пәнінде ұлттық ойындарды қолдану арқылы оқушылардың қозғалыс белсенділігі артып, олардың ұлттық мәдениетке деген қызығушылығы қалыптасады. Автор 20 жылдық тәжірибесі негізінде ұлттық ойындардың оқушыларға тигізетін оң әсерін сипаттап, олардың мектеп бағдарламасында қолданылу қажеттігін негіздейді.

Түйін сөздер: Қазақтың ұлттық ойындары, дене шынықтыру, тәрбиелік мән, физикалық даму, ұлттық мәдениет

Қазақтың ұлттық ойындары – халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасы ғана емес, дене тәрбиесінің маңызды құралы. Көшпелі өмір салтын ұстанған ата-бабаларымыз үшін дене шынықтыру табиғи өмірдің бір бөлігі болды. Дала заңында әрбір жасөспірім епті, шапшаң, төзімді, қайратты болуы тиіс еді. Сол себепті ұлттық ойындар жас ұрпақты физикалық және рухани тұрғыдан шыңдайтын негізгі тәрбие құралына айналды. Дене шынықтыру сабақтарында осы ұлттық ойындарды пайдалану оқушылардың қозғалыс белсенділігін арттырып қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын да оятады. Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындардың орны ерекше. Олар баланың қимыл-қозғалысын дамытып, денсаулығын нығайтып қана қоймай, шапшаңдыққа, мергендікке, күштілікке, ептілікке баулиды. Ойындар арқылы балалар көшбасшылық қасиеттерді меңгереді, топпен жұмыс істеуді үйренеді. Сабақ барысында ұлттық ойындарды қолдану оқушылардың сабаққа деген ынтасын арттырып, оларды белсенді әрекетке жетелейді. Бұл ойындардың тағы бір ерекшелігі – олар жарыс түрінде ұйымдастырылса, оқушылардың өзара бәсекелестік сезімі күшейіп, спортқа деген құлшынысы артады.

Ұлттық ойындардың ішіндегі ең танымалдарының бірі – көкпар. Бұл ойын күшті, төзімді, батыл болуды талап етеді. Ойыншылар ат үстінде жүріп, серкені қарсыласынан тартып алып, белгілі бір межеге жеткізуге тырысады. Мұнда жылдамдық, стратегия, тактикалық ойлау қабілеті ерекше маңызға ие. Дене шынықтыру сабақтарында көкпар ойынының элементтерін қолдану балалардың ептілігін, тепе-теңдік сақтау қабілетін арттырады.

Аударыспақ – тағы бір ер жігіттерге арналған ойын. Бұл сайыста екі шабандоз ат үстінде бір-бірін аударып түсіруге тырысады. Бұл ойын дененің барлық бұлшық еттерін нығайтып, адамның төзімділігін арттырады. Сонымен қатар, балаларды әділдікке, батылдыққа тәрбиелейді.

Қыз куу – ұлттық ойындардың ішінде ерекше орын алады. Мұнда жігіт қызды қуып жетуі тиіс, ал қыз жігітті жеткізбей қашып кетуге тырысады. Бұл сайыс ат үстіндегі шапшаңдықты, тепе-теңдік сақтауды дамытады. Дене шынықтыру сабағында осы ойынның элементтерін қосу балалардың жылдамдығын арттырып, шапшаңдыққа баулиды.

Теңге ілу ойыны да жылдамдық пен мергендікті дамытатын ойындардың бірі. Бұл сайыста шабандоз шауып келе жатып, жерде жатқан тиынды еңкейіп іліп алуы керек. Бұл ойын баланың көру қабілетін жақсартып, дене қозғалысының үйлесімділігін арттырады.

Балалар арасында кең тараған асық ату да дене шынықтыру үшін өте пайдалы. Бұл ойын көздің дәлдігін, қолдың ептілігін арттырып, есептеу дағдыларын жетілдіреді. Сонымен қатар, асық ойнау адамның жүйке жүйесін тыныштандырып, зейінін жақсартады. Тоғызқұмалақ ойыны ақыл-ойды дамытатын ұлттық ойындардың бірі. Ол математикалық есептеуге, логикалық ойлауға негізделген. Бұл ойын адамның есте сақтау қабілетін жақсартып, стратегиялық ойлау дағдысын қалыптастырады.

Ақ сүйек – балалар мен жастар арасында танымал ойын. Ол қараңғыда ойналатындықтан, көру қабілетін жақсартады және бағытты тез анықтауға дағдыландырады. Сонымен қатар, ойыншылардың шапшаңдығын дамытады.

Ұлттық ойындар тәрбиелік мәні жоғары болғандықтан, олар дене шынықтыру сабақтарында ғана емес, тәрбие сағаттарында, мектепішілік жарыстарда да қолданылуы керек. Бұл балаларды ұлттық құндылықтармен таныстырып қана қоймай, олардың бойында патриоттық сезім қалыптастырады. Сонымен қатар, ұлттық ойындар балалардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, оларды ұйымшылдыққа, әділдікке, батылдыққа баулиды.

Дене шынықтыру сабағында ұлттық ойындарды пайдалану оқушылардың денсаулығын нығайтып, спортқа деген қызығушылығын арттырады. Осы ойындардың негізінде ұйымдастырылған жарыстар балалардың ынтасын арттырып, жеңіске деген ұмтылысын күшейтеді. Ұлттық ойындарды сабақ барысында қолдану тек қимыл-қозғалысты дамытуға ғана емес, балалардың ойлау қабілетін жетілдіруге де көмектеседі.

Мен көп жылдық тәжірибесі бар дене шынықтыру пәнінің мұғалімі ретінде, ұлттық ойындардың мектеп бағдарламасында кеңінен қолданылуын қолдаймын. Себебі олар баланы физикалық және психологиялық тұрғыдан дамытатын таптырмас құрал. Ұлттық ойындарды насихаттау, оларды дене шынықтыру сабақтарында пайдалану – біздің төл мәдениетімізді сақтаудың бір жолы. Қазақтың ұлттық ойындары – халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан құнды қазынасы. Оларды жаңғырту, келешек ұрпаққа насихаттау – әрбір мұғалімнің, ата-ананың және қоғамның ортақ міндеті. Дене шынықтыру сабақтарында ұлттық ойындарды жиі қолдану арқылы біз жас ұрпақтың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың ұлттық сана-сезімін де көтере аламыз. Ұлттық құндылықтарды сақтау және дамыту – әрбіріміздің парызымыз.

Қарапайым және тиімді тәсілдер арқылы математиканы меңгеру

Аңдатпа

Бұл мақалада математиканы оқытудың тиімді әдістері қарастырылады. Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру және білім сапасын жақсарту мақсатында көрнекілік, ойын тәсілдері, практикалық тапсырмалар және сандық технологияларды қолдану жолдары талданады. Сонымен қатар, топтық жұмыс пен жеке оқыту әдістерінің маңыздылығы атап өтіліп, материалды бекітудің тиімді тәсілдері ұсынылады. Қарапайым әрі қолжетімді әдістерді жүйелі түрде пайдалану арқылы мұғалімдер математиканы оқытуды жеңілдетіп, оны қызықты әрі пайдалы пән ретінде жеткізе алады.

түйін сөз: Математиканы оқыту, оқыту әдістері, көрнекілік пен технология, ойын және мотивация, практикалық тапсырмалар

Математиканы тиімді оқыту – оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырудың басты жолы. Көпшілік үшін бұл пән қиын әрі түсініксіз болып көрінеді, сондықтан оны барынша қарапайым әрі тартымды етіп жеткізу маңызды. Сабақ барысында көрнекіліктерді, ойын элементтерін, практикалық тапсырмаларды және заманауи технологияларды пайдалану оқушылардың материалды тез меңгеруіне ықпал етеді. Мұғалімнің негізгі мақсаты – оқушының математикалық ойлау қабілетін дамыту, логикалық тұрғыдан есептерді талдауға үйрету және алған білімдерін өмірде қолдануға мүмкіндік жасау. Күрделі ұғымдарды күнделікті өмірмен байланыстыру түсінуді жеңілдетеді. Мысалы, пайыздарды есептеуді дүкендегі жеңілдіктер арқылы түсіндіруге болады, ал геометриялық фигураларды қағаздан қиып жасау немесе түрлі заттармен салыстыру оқушылардың қызығушылығын арттырады. Бұл тәсіл арқылы олар абстрактілі теорияны емес, шынайы өмірмен ұштасқан білімді игереді. Сонымен қатар, графиктер, диаграммалар мен суреттерді пайдалану да ақпаратты есте сақтауға көмектеседі. Оқушылар формулаларды жаттағаннан гөрі, олардың мағынасын түсінгенде әлдеқайда жақсы меңгереді.


Ойын тәсілдері мен жарыстар сабақтың тартымдылығын күшейтеді. Логикалық басқатырғыштар, топтық есептер, интеллектуалды ойындар оқушыларды белсенді ойлануға итермелейді. Мұндай әдістер кез келген жастағы оқушыларға қолайлы және пәнді тереңірек түсінуге көмектеседі. Сабақты қызықты етудің тағы бір жолы – есептерді шынайы өмірмен байланыстыру. Мысалы, жол жүру уақытын есептеу, құрылыс материалдарының қажетті көлемін анықтау немесе жеке бюджет жоспарлау сияқты тапсырмалар математиканың маңыздылығын көрсетеді. Оқушыларға өздеріне жақын тақырыптар бойынша есептер құрастыруды тапсыру олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді.

Сандық технологияларды қолдану – қазіргі заманғы білім берудің ажырамас бөлігі. Интерактивті тақталар, онлайн-платформалар, математикалық қосымшалар арқылы сабақ өткізу оқушылардың пәнді жақсырақ түсінуіне көмектеседі. Мұндай құралдар материалды көзбен көру және өз бетінше тәжірибе жасау арқылы меңгеруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, онлайн тестілер мен викториналар оқушылардың білімін тексерудің қызықты әрі тиімді

тәсілі болып табылады. Бейнесабактар мен анимациялық түсіндірмелер де көптеген оқушыларға есеп шығару жолдарын тез меңгеруге көмектеседі.

Оқытудың тағы бір тиімді әдісі – топтық жұмыс. Бұл тәсіл оқушылардың бір-біріне көмектесуіне, өзара пікір алмасуына және ортақ шешім табуына мүмкіндік береді. Бірлескен жұмыс барысында оқушылар есеп шығару әдістерін талқылайды, нәтижесінде олардың ойлау дағдылары дамиды. Сонымен қатар, сыныпта бір деңгейдегі оқушылар ғана емес, әртүрлі деңгейдегі балалар болады, сондықтан мұғалім әр оқушының қабілетін ескеріп, жекелеген тапсырмалар беруі керек. Кейбір оқушыларға қосымша түсіндірме қажет болса, басқаларына күрделі тапсырмалар ұсыну арқылы олардың қабілеттерін дамытуға болады. Материалды қайталау мен бекіту – білімді ұзақ мерзімге есте сақтау үшін маңызды. Кез келген жаңа тақырып бірнеше рет әртүрлі тәсілдермен қайталанса, оқушылар оны жақсы түсінеді. Сабактың соңында негізгі ойларды шолу жасау немесе ойын түріндегі сұрақтар қою оқушылардың материалды жақсырақ меңгеруіне ықпал етеді. Сонымен қатар, белгілі бір есепті бірнеше әдіспен шешуді көрсету олардың ойлау қабілетін кеңейтеді. Оқушыларға үй тапсырмасы ретінде бірдей мазмұндағы есептерді әртүрлі тәсілмен шешуді ұсыну олардың шығармашылық қабілеттерін арттырады. Мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасы да маңызды рөл атқарады. Балаларға өз ойларын еркін жеткізуге мүмкіндік беру, олардың жауаптарын мұқият тыңдау және есептерді бірлесіп шешу – олардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға көмектеседі. Егер оқушының қандай да бір тақырып бойынша қиындықтары болса, оны дұрыс бағытқа жетелеу маңызды. Қателіктерді түзеу барысында оқушыны сынамай, керісінше, оны талқылап, дұрыс шешімге жетуге көмектесу керек. Математиканы үйретудегі басты мақсат – оны тек жаттап алу емес, оның маңыздылығын түсіну және өмірде қолдана білу. Егер мұғалім оқушыларға пәнді қызықты етіп жеткізсе, олар оны қиын емес, пайдалы ғылым ретінде қабылдайды. Қарапайым әрі тиімді әдістерді жүйелі қолдану арқылы математиканы оқытуды жеңілдетуге және білім сапасын арттыруға болады. Оқушыларға сенімділік беру, олардың өздігінен шешім қабылдауына жағдай жасау – сапалы білім берудің негізгі қағидаларының бірі.

Жүйелі және тиімді тәсілдерді қолдана отырып, мұғалім оқушылардың математикаға деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, олардың өмірде кездесетін түрлі мәселелерді шешу қабілетін дамытады. Егер әр сабақ танымдық әрі қызықты өтсе, оқушылар математикадан қорықпай, оны күнделікті өмірде қолдана алатын пайдалы білім ретінде қабылдайды.



Алматы қаласы, Алмалы ауданы
 "Арнайы №13 бөбекжай-балабақшасы" КММ
 Тәрбиеші Аятбекова Алия Аятбековна

Сурет салу, ертегі құрастыру, музыка арқылы баланың қиялын дамыту

Аңдатпа:

Бұл мақалада баланың қиялын дамытудағы шығармашылық әдістердің маңыздылығы қарастырылады. Сурет салу, ертегі құрастыру және музыка арқылы балалардың ойлау жүйесін кеңейту, эмоциялық тұрақтылығын қалыптастыру және танымдық қабілеттерін арттыру жолдары сипатталған. Балабақшада осы әдістерді қолданудың тиімділігі мен олардың бала дамуына ықпалы туралы жан-жақты талдау жүргізілді.

Түйін сөздер: қиялды дамыту, шығармашылық қабілет, мектепке дейінгі тәрбие, сурет салу, ертегі құрастыру, музыка, бала психологиясы

Баланың қиялын дамыту – оның шығармашылық қабілетін қалыптастырудың негізгі шарттарының бірі. Ерте жастан қиялы дамыған бала өз ойын еркін жеткізіп, айналасындағы құбылыстарды өзгеше қабылдайды. Ол кез келген жағдайға бейімделіп, стандартты емес шешімдер табуға икемді болады. Сондықтан мектепке дейінгі білім беру жүйесінде баланың шығармашылық қабілетін дамыту ерекше маңызға ие. Бұл мақсатқа жетудің тиімді әдістерінің бірі – сурет салу, ертегі құрастыру және музыканы қолдану. Сурет салу – баланың өзіндік ойын, эмоциясын, қабылдаған әсерлерін білдірудің ерекше құралы. Бүлдіршіндер айналасындағы әлемді сурет арқылы бейнелей отырып, өз көзқарастарын қалыптастырады. Түрлі түстер мен бейнелерді қолдану арқылы балалар өз ішкі дүниесін сыртқа шығарып, ойлау қабілетін жетілдіреді. Сурет салу барысында баланың қиялы ерекше белсенді жұмыс істейді. Ол тек дайын нәрсені көшіріп салмай, өзі ойдан бейнелер құрастырады. Мысалы, балаға "Қиялдағы қалаңды сал" немесе "Сиқырлы жануарды бейнеле" деген тапсырмалар беру арқылы оның ойлау қабілетін дамытуға болады. Бүлдіршіндерге тек шынайы өмірдегі заттарды емес, қиялындағы кейіпкерлерді де салуға мүмкіндік беру өте маңызды. Осылайша, сурет салу баланы стандартты шеңберден шығуға, өз ойын еркін жеткізуге үйретеді.

Сурет салудың тағы бір пайдасы – ол баланың ұсақ моторикасын дамытады. Қылқаламмен, қарындашпен немесе бормен жұмыс істеу арқылы бүлдіршін қол бұлшықеттерін дамытады, бұл болашақта жазу дағдысын меңгеруге көмектеседі. Сонымен қатар, түстердің үйлесімі мен пішіндерді таңдауда бала эстетикалық талғамын қалыптастырады. Балалардың сурет салудағы шығармашылық қабілетін арттыру үшін тәрбиеші оларға әртүрлі әдістерді ұсынуы керек. Дәстүрлі бояумен жұмыс жасаудан бөлек, балаға саусақпен, жіппен, құммен, су бояуларымен сурет салуды үйретуге болады. Бұл олардың қызығушылығын арттырып, өз ойын еркін жеткізуіне мүмкіндік береді. Ертегілер – кез келген баланың қиялын дамытудың қуатты құралы. Балалар ертегі тыңдау арқылы өз ой-өрісін кеңейтеді, ал өздері ертегі құрастыру кезінде қиялдау қабілеттерін дамытады. Бала ертегі ойлап тауып, оның кейіпкерлерін елестеткенде, логикалық ойлау жүйесі де жетіледі. Ертегі құрастыру кезінде бала кейіпкерлер мен оқиғаларды өзі таңдайды, олардың әрекеттерін ойластырады. Бұл оның шығармашылық қабілетін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау қабілетін де жетілдіреді. Бүлдіршіндерге

"Егер сен батыр болсаң, қандай ерлік жасар едің?" немесе "Сиқырлы орман туралы әңгіме ойлап тап" деген секілді сұрақтар қою арқылы олардың ертегіге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Ертегі құрастыруды жеңілдету үшін тәрбиеші түрлі әдістерді қолдана алады. Мысалы, ертегіні бірлесіп құрастыру әдісі өте тиімді. Бұл кезде тәрбиеші басталған оқиғаны айтып, балалар оны жалғастырады. Сондай-ақ, дайын суреттер немесе ойыншықтар арқылы ертегі ойлап табуға болады. Балаларға әртүрлі жануарлардың бейнесін беріп, оларды қандай оқиғаларға араластыруға болатынын сұрау арқылы шығармашылықты дамытуға мүмкіндік жасауға болады. Ертегі құрастыру – сөйлеу қабілетін дамытудың да тиімді жолы. Бала өз оқиғасын баяндағанда, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға, сөздік қорын кеңейтуге дағдыланады. Сонымен қатар, ертегі арқылы бала өмірлік құндылықтарды түсініп, жақсылық пен жамандықты ажыратуды үйренеді.

Музыка баланың эмоциясын, есте сақтау қабілетін және қиялын дамытудың ең тиімді құралдарының бірі. Әртүрлі әуендер тыңдау, ән айту немесе музыкалық аспаптарда ойнау балаға ерекше әсер етеді. Музыка арқылы бала айналасындағы әлемді тереңірек түсініп, өз эмоцияларын білдіре алады. Музыканың қиялды дамытудағы рөлі өте маңызды. Әртүрлі жанрдағы әуендер тыңдау баланың есту қабілетін жақсартады, ал белгілі бір әуенге сай бейнелер мен оқиғалар ойлап табу оның шығармашылық әлеуетін арттырады. Мысалы, балаға баяу әуен тыңдатып, "Бұл музыка қандай оқиғаны еске түсіреді?" деген сұрақ қою арқылы оның қиялын белсендіруге болады. Музыкалық аспаптарда ойнау баланың шығармашылығын дамытудың тағы бір жолы. Оларға қарапайым аспаптар – барабан, ксилофон, сыбызғы, үшбұрыш секілді құралдарды беру арқылы өз әуендерін шығаруға мүмкіндік жасау қажет. Бала өз бетінше ырғақ ойлап тауып, әуенді өзгертіп ойнаған сайын оның шығармашылық қабілеті артады. Сонымен қатар, ән айту баланың тілдік дамуына да оң әсер етеді. Өндер арқылы бала сөздерді дұрыс айтуға, ырғақты сезінуге және сөйлеу ырғағын қалыптастыруға үйренеді. Өндерді қимылдармен бірге орындау арқылы бала өз денесін үйлестіріп, қозғалыс дағдыларын дамытады.

Сурет салу, ертегі құрастыру және музыка баланың қиялын дамытуда ерекше рөл атқарады. Бұл әдістерді біріктіре отырып, баланың шығармашылық қабілетін барынша ашуға болады. Шығармашылық тапсырмалар арқылы балалар тек ойлау қабілетін дамытып қоймай, қоршаған әлемге деген қызығушылығын арттырады. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие барысында өнерді кеңінен қолдану тәрбиешінің басты міндеттерінің бірі болуы тиіс. Бала еркін ойлап, өз қиялын жүзеге асыруға мүмкіндік алғанда, оның танымдық белсенділігі жоғарылап, болашақта кез келген жағдайға бейімделу қабілеті артады.



**«Жетісу облысы білім басқармасының
Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің «№5 Ясли - бақшасы» МКҚК
Тәрбиеші: Молдаханова Галия Каметовна
“Гүлдер” мектеп алды даярлық тобы**

Балабақшадағы тәрбиеші мен бала байланысы: Түсіністік пен қолдау маңыздылығы

Аңдатпа:

Бұл мақалада балабақшадағы тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынастың маңызы қарастырылады. Баланың эмоционалдық, әлеуметтік және танымдық дамуына тәрбиеші тарапынан көрсетілетін қолдаудың әсері жан-жақты сипатталған. Сонымен қатар, тәрбиеші мен бала арасындағы сенімді байланысты қалыптастырудың тиімді жолдары, түсіністік пен мейірімділіктің рөлі талқыланады. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынаста қолданатын әдістері мен олардың тұлғалық дамуға ықпалы кеңінен қарастырылған.

Түйін сөздер: қарым-қатынас, тәрбиеші, бала дамуы, балабақша, қолдау.

Балабақша – баланың алғаш рет қоғамдық ортаға бейімделіп, жаңа әлеуметтік байланыстар орнататын маңызды кезеңі. Бұл кезеңде тәрбиеші мен бала арасындағы қарым-қатынас ерекше рөл атқарады. Тәрбиешінің жылы қабағы, мейірімділігі мен түсіністігі бала бойында сенімділік қалыптастырып, оның психологиялық тұрақтылығына оң әсер етеді. Баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуы көбіне тәрбиешінің оған қаншалықты қолдау көрсететініне байланысты. Егер бала өзін тәрбиеші тарапынан қорғалған әрі бағаланатын сезінсе, ол жаңа білімді тез қабылдап, өзін еркін әрі сенімді ұстайды. Сонымен қатар, бала өзін жайлы сезінген ортада қарым-қатынас орнату дағдыларын тез меңгеріп, құрдастарымен достық қатынас орнатуға бейім болады. Тәрбиеші мен бала арасындағы сенімді байланыс өзара сыйластық пен мейірімділікке негізделуі тиіс. Бала балабақшаға келген алғашқы күндерінен бастап тәрбиешінің қолдауын сезінуі өте маңызды. Ол үшін тәрбиеші әр баламен жеке қарым-қатынас орнатып, оның мінез-құлқы мен қажеттіліктерін ескеруі қажет. Кейбір балалар жаңа ортаға тез үйреніп кетсе, енді біреулері көп уақыт бойы ұяңдық танытып, ішкі сезімдерін ашық білдіре алмайды. Мұндай жағдайда тәрбиеші сабырлық танытып, балаға сенім артып, оның дамуына көмектесуі керек. Тәрбиеші баланың жеке ерекшеліктерін бағалап, оны өз ортасында еркін сезінуіне жағдай жасағанда ғана бала өз ойын ашық айтып, жаңа ортада өзін жайлы сезінеді.

Баланың өз эмоцияларын дұрыс танып, оларды реттей білуі де тәрбиешімен қарым-қатынас арқылы қалыптасады. Балалар кейде өз сезімдерін сөзбен жеткізе алмай, қылықтарымен немесе әрекеттерімен білдіреді. Мұндай кезде тәрбиеші олардың көңіл-күйін түсініп, дұрыс бағыт беруі қажет. Бала ашуланғанда немесе қиналғанда, оған ұрсып немесе жазалап емес, сабырлы түрде түсіндіру арқылы көмек көрсету – ең тиімді тәсілдердің бірі. Сонымен қатар, тәрбиеші баланың жетістіктерін үнемі атап өтіп, оны мадақтап отыруы керек. Бұл баланың өзін бағалау сезімін арттырып, өзіне деген сенімін нығайтады. Өзін бағалай білген бала айналасындағы адамдармен де жақсы қарым-қатынас орнатып, ортада өз орнын таба алады. Тәрбиеші мен бала арасындағы байланыс тек педагогикалық әдістермен шектелмей, эмоционалдық қолдауды да қамтуы қажет. Балабақшадағы тәрбие жұмыстары ойын арқылы

жүзеге асатыны белгілі. Ойын барысында бала өз сезімдерін еркін білдіріп, қоршаған ортаны танып-біледі. Осы сәтте тәрбиеші баламен бірге ойнап, оның қызығушылықтарына мән берсе, бала өзін маңызды сезінеді. Әсіресе, рөлдік ойындарда тәрбиеші баланың ішкі әлемін түсінуге мүмкіндік алады. Мысалы, «Дәрігер мен науқас» немесе «Отбасы» сияқты ойындарда бала өзінің үйдегі қарым-қатынастарын бейнелеуі мүмкін, бұл оның ішкі сезімдерін түсінуге көмектеседі. Сондай-ақ, бірлескен шығармашылық жұмыстар, мысалы, сурет салу, ертегі құрастыру, музыкалық ойындар баланың өзін еркін көрсетуіне жағдай жасайды.

